

Тягачика

Тақырыбы: Тарапшылық мамандық студенттерінің
истарихының кабинеттерін дамыту

Т. прел. министр рсз
(КБ. АСТЫҒЫЗЫМЫ АТАҒЫ)

Cynodactylus T. A.

54.0009. *AF*
(ROBIL. K. 11)

пер. Виктор. Докторов
(Кызыл, Ғылыми адабы)

Адам
(аты-жөні)

Мужской

Мубарак
(аты-жөнү)

(АТЫ-ЖӨН:)

Студент: Яноскова А.Ж.
(аты-жөнү)

Кафедра менеджменту С. О.

« 16 » 2019 ж.

С.П.Н. групп (состав) В.

Андатпа

Магистірлік жұмысының тақырыбы: «Педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту» (жоғары мектеп оқу үрдісінің үлгісінде).

Интерактивтік модульдік оқыту технологиясының сынауы педагогикалық мамандықтарында оқитын студенттерге білім беру үрдісінде жүзеге асырылған (ИнЕУ базасында).

Зерттеу нәтижелері студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үрдісінде тәжірибешілік ұсыныстары тұрғысында көрсетілген, осы үрдісін ұйымдастыру әдіс-тәсілдері анықталған.

Аннотация

Тема магистерской работа: «Развитие творческих способностей студентов педагогических специальностей» посредством применения интерактивной модульной технологии обучения.

В практической части представленной разработки по апробации настоящего метода в учебном процессе высшей школы (на базе ИнЕУ).

Результаты исследования представлены в качестве практических рекомендаций по применению интерактивной технологии для развития творческих способностей студентов.

Anotation

The theme of this work is «The development of creative abilities of students of pedagogical majors». The abilities develop through The u sage of interactive module technology of teaching.

The practical part of the work shows the ways to use the given method in the teaching process of high school (on the basis of InEU).

The research results are presented as practical recommendation use interactive technologies for the development of theoretical abilities

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5-11
1 бөлім. Оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері	12-52
1.1 Студенттердің шығармашылығын дамытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері.....	12-31
1.2 Студенттердің шығармашылығын дамытуда жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды қолданудың ерекшеліктері.....	32-43
1.3 Оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамытудың шарттары.....	44-52
2 бөлім. Студенттердің шығармашылығын дамыту процесін жоғары оқу орындарында ұйымдастыру.....	53-87
2.1 Студенттердің шығармашылығын дамытуға жоғары оқу орындары жүйесінің әсері.....	53-66
2.2 Интерактивтік модульдік оқыту технологиясы негізінде студенттердің шығармашылығын дамытудың тәсілдері.....	67-78
2.3 Тәжірибе–экперименттік жұмыстардың нәтижелері.....	79-87
Қорытынды.....	88
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	92
Қосымшалар.....	100

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті педагогикалық мамандық студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасымыздың «Болашақ», «Дарын» бағдарламаларында, «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты қағидалары ретінде жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер қатарына қойылған.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы – дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану есебінен педагогикалық мамандық студенттерінің ой-өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігу, демократиялық дәстүрге өту жағдайында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған жалпы адамзаттық құндылықтар мұрасына ден қоюы адамгершілік, гумандық процестің айқын көрінісіне айнатуда. Бұл мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналумен қатар, жоғары оқу орындарының оқытушылардың тәжірибесінде педагогикалық мамандық студенттерін жеке тұлға етіп қалыптастыруда, олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанаға алынған, өйткені бұл студентер болашақ мұғалімдер болып келеді.

Соңғы он жылдықта оқу–тәрбие процесіне жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға үлкен мән берудің өзі Қазақстанда болып жатқан өзгерістерді жаңаша тұрғыдан қарастыруды талап етуде. Соның бірі, 12 жылдық білім беру жүйесінің дүниеге келуі – қоғамдағы сүбелі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Мұндағы жаңа білім мазмұны әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтиды.

Жеке тұлға – өзіндік құндылық. Оның шығармашылық дамуы мен қалыптасуы мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек. Бұл мәселе ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз әл-Фарабиді, Ж.Баласағұнды, ұлы Абайды ерекше толғандырған, сондықтан еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Д.Кішібеков, Р.Н.Нұрғалиев жеке тұлғаның дамуы қоғамдық қатынастардың нәтижесі деген философиялық тұжырым жасаған.

Көрнекті педагогтар К.Х.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген белгілі педагог-ғалым М. Жұмабаев болды. Психологтар мен педагог ғалымдар Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Л.В.Занков, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, А.Г.Ковалев және қазақстандық көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Қ.Қалиев, К.Ж.Кожаметовалар өз еңбектерінде жеке тұлғаны дамыту мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаған.

Оқыта отырып, тұлғаның қабілеттерін, шығармашылығын дамыту мәселесі Ш.А.Амонашвили, К.К.Платонов, В.С.Библер, Б.М.Теплов, А.Н.Лук, Б.Т.Ананьев, В.А.Крутецкий, В.И.Кириенко, Н.С.Лейтес, А.В.Петровский, В.Т.Пушкин, Д.Б.Богоявленская, В.Ш.Андреев, Г.А.Давыдова және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазақстанда бұл

мәселеге назар аударған ғалымдар А.М.Мубараков, Е.Ө.Жұматаева, Г.К.Нұрғалиева, Г.Т. Жакыпбекова, Б.А.Тұрғынбаева, Ү.Б.Жексенбаева, А.Б.Мырзабаев, Л.Г.Дирксен, К.К.Жұмадирова және т.б.

Тұлға шығармашылығын дамытуда оқу процесін гуманизациялау идеясын қолдау және оны жүзеге асыру бағытында бірқатар ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, Ресейлік және Қазақстандық ғалым-педагогтардың С.Н.Шиянов, Л.В.Хазова, А.А.Столяр, А.А.Бейсенбаева, М.Ж.Жадрина, Х.М.Рахымбекова, Н.Н.Хан, А.Ө.Жайтапова және т.б. ғылыми зерттеулерін атауға болады.

Ал, оқу процесіне жеке тұлғаның дамуына бағытталған технологияларды енгізуді В.П.Беспалько, П.С.Селевко, С.С.Кашлев, В.М.Монахов, В.М.Волков, М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили т.б. қарастырса, Қазақстанда Ж.А.Қараев, Г.М.Құсайынов, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, Г.К.Нұрғалиева, Ә.Ә.Жүнісбек, К.К.Қабдықайыров және соның ішінде модульдік оқыту технологиясымен айналысқан ғалымдар П.И.Третьяков, К.Я.Вазина, Т.В.Васильева, М.А.Чошанов, И.Прокопенко, П.Юцевичене, В.В.Титова; ал Қазақстанда Г.С.Күдебаева, С.С.Құнанбаева, К.Ж.Жаксылықова, Л.Екшембаева, М.М.Жанпейісова т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп беріп отыр.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, оқушылардың шығармашылығын дамытуға олардың арнайы тоқталмағандығын байқадық. Біз көтеріп отырған проблема жөнінде жоғарыда аталған зерттеулерге ғылыми-теориялық талдаулар нәтижесінде оқу процесіне жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын енгізудің оқушының шығармашылығын дамытуға ықпалы бір-біріне байланыссыз жеке-жеке бағытта қарастырылып, оқушының шығармашылығын дамытуда оқу процесін гуманизациялаудың маңызы жете қарастырылмаған. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуда тұлғаға бағдарланған оқыту технологияларын ендірудің педагогикалық тұрғыда негізделуі әлі де жеткіліксіз деп

есептейміз, бұл технологияларды оқыту процеске дұрыс енгізетін білгіш және шығармашылықты маман иесі болып келеді, ол педагогикалық мамандықты бітірген жоғары оқу орында интерактивтік модульдік оқыту технологиясы негізінде шығармашылығын дамытқан студенттер болып келеді.

Демек, оқыту процесінде болашақ мұғалімдер шығармашылығын дамыту қажеттілігі мен жоғары оқу орындар жағдайында кешенді түрде іске асыру мүмкіндіктерінің жүйеленбегендігінің арасындағы **қарама-қайшылық** айқын көрінеді. Аталған қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын іздестіруді біздің зерттеуімізде мақсат еттік. Оқу процесін гуманизациялауды ғылыми негіздеп, теориялық тұжырымға сүйене отырып, педагогикалық мамандық студенттер шығармашылығын дамытуда жоғары оқу орындарда қолайлы жағдай туғызу, интерактивтік модульдік оқыту технологиясын пайдалану және оның тиімділігін дәлелдеу қажет деп санадық.

Осыдан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарда оқу–тәрбие процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізу арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту мәселесін теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу қажеттілігі біздің зерттеуіміздің маңыздылығын айқындайды.

Сондықтан біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың тақырыбы **«Педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту»** деп айқындалды.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындағы оқу процесі

Зерттеу пәні: оқу процесінде педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылығын дамыту

Зерттеудің мақсаты: оқу процесін гуманизациялау негізінде педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылығын дамытуды ғылыми тұрғыда негіздеу және оны іске асырудың педагогикалық шарттарын айқындап, оңтайлы формаларын анықтау

Зерттеу болжамы: егер жоғары оқу орындарда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда:

- тұлға басымдылығына гуманизациялау принципіне сай жүйелендіруді;
- оқу процесін интерактивті технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастыруды;

- оқу нәтижелерін, студенттердің жетістіктерін ұдайы қадағалау негізінде анықтауды оқу процесінде жеке тұлғаны дамытудың педагогикалық шарттары ретінде қарастырсақ, онда студенттердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік туады, өйткені, олар өз бетімен ізденіп, білімін толықтыруға белсенділік көрсетеді.

Зерттеу міндеттері:

- 1 «шығармашылық», «кабілет», «модуль», «интерактив» ұғымдарының мәні мен ара жігін ашу;
- 2 оқыту процесін гуманизациялау негізінде студенттердің шығармашылығын дамытудың шарттары мен көрсеткіштерін айқындау;
- 3 интерактивтік модульдік оқыту технологиясы арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту жүйесін жасау;
- 4 оқыту процесін гуманизациялау қағидасына сүйеніп, педагогикалық мамандық студенттер шығармашылығын дамыту жөніндегі әдістемелік ұсыным жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: оқу процесін гуманизациялаудың басты құралы ретінде жеке тұлғаға бағытталған интерактивтік технологияны пайдалану студент шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі: жеке тұлғаның дамуы туралы, оның қоршаған ортамен, топпен қарым-қатынасы; оқу процесіндегі жеке тұлғаға бағытталған жүйелі іс-әрекет және оқу процесін гуманизациялау арқылы студенттің құқығын мойындау; жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы оқушының шығармашылығын дамытуға қатысты тұлғалық, қарекеттік, танымдық теориялар.

Зерттеу көздері: зерттеу тақырыбы бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, педагогтардың, психологтардың, дидакт ғалымдар

мен әдіскерлердің ғылыми еңбектері. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасы, гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, этникалық мәдени білім тұжырымдамасы, БҰҰ-ның баланың құқын қорғау конвенциясы, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім беру стандарты, модульдік оқыту технологиясы, жалпы білім беретін орта мектептегі пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық тәжірибе жұмысы, автордың педагогикалық зерттеушілік өз тәжірибесі.

Зерттеу жұмысының әдістері:

- философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді оқу және талдау жасау;
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және талдау;
- жоғары оқу орындарындағы құжаттары мен педагогикалық үрдістерге талдау жасау;
- сауалнамалар, топтық және жеке әңгімелесулер; жеке тұлғаны зерттеу әдістемелері; жеке тұлғаның таным процестерін, интеллектуалдық-танымдық және қажеттілік-себептілік аясы деңгейін анықтау;
- жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін салыстырып, мониторингтік жүйеде жинақтау.

Зерттеудің ғылыми-теориялық жаңалығы мен маңыздылығы:

- студент шығармашылығын дамытудың басты шарты оқу ортасын гуманизациялау қажеттігі мен оның негізгі көрсеткіші «субъект-субъектілік» қарым-қатынас екендігін дәлелдеуде (айқындауда);
- оқу процесінде «субъект-субъектілік» қарым-қатынас қалыптастырудың құралы ретінде интерактивтік модульдік оқыту технологиясын пайдалануға болатындығын негіздеуде;
- модульдік оқыту технологиясының студенттер шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызатын интерактивтік сипатын ашып, оны пайдаланудың педагогикалық-психологиялық алғышарттарын нақтылауда;

- оқу нәтижесі студент шығармашылығының көрсеткіші болатын әрекеттердің қалыптасқандығын қадағалау қажеттігін дәлелдеуде.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- жоғары оқу орындарда жеке тұлғаның дамуын оның оқу нәтижесіне сүйене отырып жүйелі түрде зерттеу мүмкіндігінде ;
- оқыту процесінде жеке тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға және оның жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызу шарттарының іс-жүзінде пайдаланылатынында;

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда студенттің шығармашылығы оқу процесінде жеке тұлғаның дамуына кешенді жағдай жасалуына және оған қатынасушылардың өзара субъектілік қарым-қатынасына сай оқыту ортасында құрылуына тікелей байланысты (тәуелді);
- студенттер шығармашылығын дамытатын педагогикалық шарттар және көрсеткіштер;
- интерактивтік модульдік оқыту технологиясы арқылы оқу процесі барысында педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылығын дамыту жүйесі.

Зерттеу базасы: Инновациялық Еуразия университетінің педагогикалық мамандығының студенттері (П және БОӘ, Биология, Жағрафия, Тарих, Шет тілі).

1 БӨЛІМ. ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Студенттердің шығармашылығын дамытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері

Адамның мәні оның қоғамдағы алатын орны, өткені, қазіргісі, болашағы, қалыптасуы, дамуы, адамзатты үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, «Білім» мемлекеттік бағдарламасында, мемлекеттік білім беру саясатының тұжырымдамасында және тағы да басқа стратегиялық құжаттарда жеке тұлғаның физиологиялық және рухани мүмкіндіктерін ашу, салауатты өмір салтын, қарапайым негізгі адами қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық күш-қуатын ашуға қолайлы жағдай туғызу ең негізгі міндеттер екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі мақсаты: «әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу» - деп атап көрсетілген [1].

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір тұлғаның жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептен өз өмірін өзі реттей

және басқара алатын, әлеуметтенген шығармашыл тұлға тәрбиеленіп шығады.

Жоғары білім беру жүйесі дамуының әр кезеңінде де бұл мәселе көкейкесті болып келді. Осы тұрғыда педагогика саласында зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижелерін жоғары оқу орындарының практикасына енгізіп оқу процесіне шығармашылық сипат беру ойластырылды.

Алайда оқытудың шығармашылық сипатын күшейтіп, сол арқылы тұлға қабілетінің дамуына жүйелі басшылық жасау, мақсатты бағыт-бағдар беру, педагогикалық ықпал ету негізінен күн тәртібінде тұрғанымен оның ішкі мазмұны ашылмай, көмескі күйінде қалып келді. Оның өзіндік себептері бар. **Бірінші** себебі оқу процесін ұйымдастыруға негіз болатын нормативтік-оқу құжаттарында студент шығармашылығын дамытудың тиісті дәрежеде ойластырылмауы болды. Осыған дәлел ретінде Л.В.Занковтың зерттеу нәтижелерін айтуға болады.

Профессор Л.В.Занковтың зерттеулерін зерделей келе соңғы жылдарға дейінгі оқу бағдарламаларында төмендегідей кемшіліктер орын алып келген деген тұжырым жасауға тура келеді. Олар:

1 оқу бағдарламаларында оқытудың жүйелік ұстанымының толық сақталмауы;

2 оқу бағдарламаларына, оқулық мазмұнына оқушыларды қызықтырарлықтай теориялық мәселелердің енгізілмеуі;

3 оқушылардың оқу-тәрбие процесінде алған білімдері олардың ой-өрісінің дамуына жеткілікті әсер етпеуі;

4 оқулықтағы тапсырмалардың оқушылар қызығушылығын оятарлықтай деңгейде ойластырылмауы;

5 оқу бағдарламасындағы кейбір материалдардың бірнеше рет қайталануы. Ал мұндай олқылықтар орын алып отырғанда оқушылардың шығармашылығын дамыту мүмкін емес.

Тұлға шығармашылығының тиісті дәрежеде дамуына әсер ететін **екінші** себеп – оқулықтар мен әдебиеттердің сапасы.

Мемлекет басшысы мұғалімдердің ІІІ съезінде сөйлеген сөзінде білім беру сапасы көп ретте оқулықтардың сапасына байланысты болатынын атай отырып, шығарылатын оқулықтардың сапасына да назар аударды. Сонымен қатар мемлекеттік тілде педагогикалық мамандықтарға арналған әр пән бойынша әдебиеттер мен оқулықтардың аздығы және т.б. [2].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж.Жадрианың пікірінше, Қазақстан Республикасының төл оқулықтарының басты жаңалығы «тұңғыш рет әрбір оқу курсының мазмұны білім беруді гуманизациялау, сараландыру, кіріктіру және гуманитаризациялау ұстанымдарын жүзеге асыруға бағындырылған оқу материалының құрылымы мен қисынын (логикасын) өзгерту арқылы жасалынуда» [3].

Демек, қазіргі кезде оқушы шығармашылығын дамыту үшін әр пән бойынша оқулықтар жоғарыда аталған қызметтерін толық орындайтындай сапаға ие болуы тиіс.

Ғалымның ойынша, білім беруді гуманизациялауды жүзеге асыру дамушы жеке тұлғаның өзінің жеке құндылықтар жүйесіне (бақыт, әділдік, өмірдің мәні жайлы тұжырымдама және т.б.) кепілдік берілетіндей жағдайлар туғызуды талап етеді.

Ал, тұлғаның шығармашылық әрекет жасай алмауының **үшінші** себебі - оқу процесінің ұйымдастырылу деңгейінің заман талаптарына сай болмауы.

Осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарда оқу процесі жаңаша педагогикалық ойлауға орай ұйымдастырылмады, оқу процесінде субъект-субъектілік қатынас жүзеге аспады. Өйткені, оқу процесі дәстүрлі оқытуға негізделді.

Ғалым Е.Ө.Жұматаеваның пікірінше дәстүрлі оқыту жүйесінің негізгі кемшіліктері:

- пікірдің қажеті жоқ, оған уақыт кетеді;
- күрделі оқу материалын мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруі;
- фактілерге жүгініп, білімді жинақтап қабылдауға мән берілмейді[5].

Ендеше мұндай олқылықтың орнын толтырып, тұлға шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – бұл оқу процесіне тұлғаға бағдарланған технологияларды енгізу деп ойлаймыз. Шығармашылықты дамыту мәселесіне арналған ғылыми-зерттеулерді саралай келе, біз студент шығармашылығын дамытудың ең маңызды шарттарының бірі ең алдымен оны дамытуға қолайлы ахуал туғызуды қамтамасыз ету үшін оқу процесін гуманизациялау қажет деген қорытындыға келеміз.

Оқу процесін гуманизациялауды жүзеге асыру үшін жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары ендірілуі тиіс. Біз мұның мәнін ашпас бұрын алдымен жеке тұлға ұғымының мәнін түсінейік.

Өйткені баланың шығармашылығын дамыту мәселесін талдау ең алдымен «жеке тұлға», «қабілет», «нышан», «талант», «бейімділік», «дарындылық» ұғымдарының мәні мен ара жігін терең түсініп алуды қажет етеді.

Жеке тұлғаны қоғам дамуының бір бөлігі ретінде философия, әлеуметтану, психология, педагогика және т.б. ғылымдар өз тұрғысынан зерттейді.

«Тұлға» (латынша *persona*) – ертеден келе жатқан ұғым. Алғаш актерлер сахнада беттеріне киіп жүретін бетпердені осылай атаған. Бүгінгі таңда ол әлеуметтік мәні, қасиеттері бар нақты адамды білдіреді.

Жеке тұлғаның дамуына деген көзқарас қоғамның әр даму формациясында әр түрлі мәнге ие болған. Мәселен, ерте дүниедегі ойшылдар Платон мен Аристотель адамның дамуы алдын ала табиғи тұмысынан белгіленеді, яғни нәсіліне байланысты дейді [6].

Джон Локк (XVII ғ.) пен Д.Дидро (XVIII ғ.) қоғамдағы адам дамуының шешуші факторы – орта, дәлірек айтқанда, адамдардың өмір жағдайы мен тәрбиесі деген пікірді дәлелдеді.

Д.Локктың пікірінше, дүниеге келген нәрестенің жаны ақ тақта сияқты газда, тек өмір жағдайлары мен тәрбие ғана адами қасиеттерінің көзі [6]. Ал, Д.Дидро: «Адам – жағдайлар мен тәрбиенің ғана жемісі» [6], - дейді.

Философияның діни ағымының өкілдері Ж.Маритен, М.Казотти, М.Стефанини жеке тұлғаның дамуын дін мен мистикаға апарып тіреді. Олар адам – табиғат перзенті, сондықтан уақытша өзгерісте болады, ал енді адам жаны өшпейді, жойылмайды, әрі ол құдайдың құдіретімен жаралғандықтан, оның жеке тұлға ретінде дамуы да діни тәрбиенің әсерінен болады деген тұжырымды дәлелдейді [7].

Американдық прагматикалық педагогиканың негізін салушылардың бірі Джон Дьюи жеке тұлғаның дамуы жөніндегі теорияны туғаннан пайда болатын инстинктер мен қабілеттер арқылы негіздеп, тәрбиені де соларға тәуелді етеді. Ол жеке тұлғаның дамуын оның өзі өмір сүріп отырған қоғамға икемделуі деп түсіндіреді [8].

Демек, жеке тұлға мәселесін шешуде аталмыш ғалымдардың барлығы да адамның дамуын өз еркінше, ішке әрекеттен, қоршаған жағдайлардың әсерінсіз, адамдардың қатынасынсыз болады деп түсіндіреді.

К.Маркс философиялық тұрғыдан «Жеке адам дегеніміз - қоғамдық дамудың нәтижесі, белгілі қоғамдық қатынастардың жемісі. Жеке адамның дамуы үнемі жетіліп отыратын заңды процесс болғандықтан, оның әрбір саласы белгілі жағдайларға, іс-әрекетке, айнала қоршаған өмірге, адамдармен қарым-қатынасқа тікелей байланысты болады», – деп түсінік береді [9].

Философиялық сөздікте: «Тұлға – белгілі бір қатынастар тұсында өмір сүретін адамның негізгі 3 қырының: биогенетикалық нышандарының, әлеуметтік қатынастар әсерінің және психоәлеуметтік қасиеттердің біртұтас бірігуінің нәтижесі» деп көрсетсе [10]. Ә.Т.Тұрғынбаев: «Тұлға – іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана мен өзіндік сананың, дүниеге көзқарастың субъектісі», - деген анықтама берді [9].

Ал Р.Н.Нұрғалиевтің пікірінше, жеке адам - әлеуметтік индивид ретіндегі адам, қоғам мүшесі. Ол қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде биоәлеуметтік организм [11].

Сонымен, жеке тұлғаға философиялық тұрғыда берілген анықтамаларды талдай келе: жеке тұлға - қоғамдық дамудың, қоғамдық қатынастардың

нәтижесі. Оның дамуы белгілі бір жағдайларға, іс-әрекетке, қоршаған ортаға байланысты болады деген тұжырым жасауға тура келеді.

Жеке тұлға мәселесі – психологияның да негізгі бөлігі. Әлі күнге дейін психологияда жеке тұлғаның маңыздылығы туралы зерттеу аяқталған жоқ.

Енді психологиялық зерттеулерге сүйенсек, адам мұндай күйге бірден келмейді, оған бірте-бірте жетеді деген ортақ пікірді аңғарамыз.

Мәселен, психологиялық сөздікте: «Жеке тұлға - әлеуметтік ортада қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерімен (талғам, мұрат, мінез-құлық, қабілет, т.б.) сипатталатын адам», - делінген [12].

Ж.Пиже, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Б.Г.Ананьев сияқты психологтардың пікірлерін қорыта келгенде, бала өмірге белгілі бір табиғи қасиеттері бар жеке адам болып келіп, әлеуметтік факторларға байланысты қоғаммен субъекті ретінде қарым-қатынаста жеке тұлға болып қалыптасады және өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы өзінің ішкі «Менін» көрсетеді, бұл ең алдымен адамның әлеуметтік өмір жағдайымен, тәрбиесімен, қоғамдағы орнымен, оның психикасының, мінезінің тұрақты көріністері болып табылатын қабілеттерімен, қажеттіліктерімен, адамгершілік қасиеттерімен, моральдық және эстетикалық идеяларымен, ойлаудағы ерекшеліктерімен, эмоцияларымен, ерік-жігерімен анықталатын қасиеттер жиынтығы деуге болады [13; 14; 15; 16; 17; 18].

Демек, жеке тұлға – өзінің мінез-құлқымен, темпераментімен, физиологиялық қасиеттерімен ерекшеленеді және қоршаған ортамен үнемі белсенді қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады екен.

Сонымен, жеке тұлғаны тек жеке адамның адами ерекше қасиеттерінің жиынтығы деп түсінуге болады.

Қазіргі педагогика жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, субъектісі ретінде зерттейді. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып, жеке тұлға туралы біз:

біріншіден, жеке тұлға – «адам» ұғымына қарағанда кең ұғым;

екіншіден, адам жеке тұлға болып тумайды, қоршаған ортамен қарым-қатынаста, іс-әрекет барысында қалыптасады;

үшіншіден, жеке тұлға — ол қоғамдық қатынастың тек өнімі емес, оның субъектісі де;

төртіншіден, жеке тұлға - өзіндік ой-толғамы, көзқарасы, пікірі бар, саналы, еңбек және танымдық іс-әрекетке қабілетті дербес адам деген тұжырым түйінделдік.

Жеке тұлға ұғымының мәнін біршама аштық, енді осы жеке тұлғаның даму мәнін қарастыруға көшеміз.

Адамзаттың, прогрестің, әрбір жеке тұлғаның дамуындағы негізгі қозғаушы күш шығармашылық болып табылады.

Ал мектеп табалдырығын аттаған баланың негізгі әрекеті оқу әрекеті болғандықтан оның шығармашылық сипатта болуының мәні зор. Өйткені шығармашылық сипаттағы әрекет баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал ететіні ғылыми тұрғыда негізделген.

Тұлғаның шығармашылығын дамыту жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында ертеден зерттеліп келеді. Егер бұл мәселенің зерттелуіне ретроспективті шолу жасасақ, онда оның әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғанын, «шығармашылық теориясын» жасауға деген ізденістердің аз болмағанын байқаймыз.

Оқушының жеке тұлғасын дамыту үшін ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ендеше баланың шығармашылығын дамыту мәселесін талдау үшін алдымен «қабілет» ұғымының мәнін ашу керек.

Философияда “қабілет” — жеке тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауына жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып әрі қарай дамып отырады деп есептейді [9].

«Қабілет» ұғымын ғылымға алғаш рет енгізген Платон мен оның ізбасарларының бұл ұғым жайлы түсініктері таптық көзқарастарға негізделген еді. Олар адам туғаннан бастап бірі – басқарушылар, бірі – жауынгер, бірі – жер иеленушілер болып туады деп есептейді [6,56-57 б.].

Ал Аристотель қабілет адамның ішкі ашылмаған мүмкіндіктері деп қарастырады [6,60-62 б.].

Сократ болса, бала бойындағы қабілеттерге ерекше мән берген. Ол өз оқушыларының қабілеттерінің дамуына қамқорлық жасау үшін оларға әрқашан дайын ұсыныстар бермей, «ақиқатқа жетуді» өздеріне жүктегені байқалады. Сондықтан ғылымда бұл әдіс «Сократтық» әдіс деп аталған [6,63-65 б.].

Хуан Уарте адам қабілеттерінің шектеулі екенін, сол себепті ол әртүрлі әрекеттерді бірдей нәтижелі орындауы мүмкін еместігін айтса [10], оған керісінше Я.А.Коменский оқыту арқылы балада әртүрлі шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруға болады деген идеяны ұсынады [19].

Қазақ ойшылы Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты дастанында барлық қабілеттері дамыған кісіні «толық пішімді адам» дей келе, оған жетудің негізгі жолы білім, ғылым екенін атап көрсеткен. Ол адамның ақыл-парасаты барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікірді дәлелдейді [20].

Адамның ақыл-ойын, қабілеттерін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше еңбектер арнаған Әл-Фараби бабамыз қабілет өзінен-өзі табиғат тудырған қалпында бақытқа жеткізе алмайды, оларды бағыттау, тәрбиелеу, дамыту керек деген құнды пікір айтады [21].

Ал ұлы Абайдың «Жан қуаты әуелден кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам ол қуатын зорайтады, ескерусіз қалса, ол қуаттар жоғалады, не аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен еш нәрсеге жарамайтын болады. Адам ішіп-жеп тән қуатын ғана ойламай, жан қуатын да жетілдіру үшін қам жеуі керек», - деген тұжырымынан қабілетті дамыту қажет деген кесімді пікірді аңғарамыз [22].

Ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің «Бакша ағаштары» әңгімесіндегі әкенің балаға айтқан ақылы адамның тағдыры туысынан белгіленбейтіндігін, адамдық қасиеттердің, қабілеттердің қалыптасар жері - өмір талқысы, әрекет ету екенін ескертуі Фараби, Абай пікірлерімен үндеседі [23].

Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілетті дамыту үшін адамда тиісті білім жүйесі, икемділік пен дағды болуы керек [24]. Ал, қабілеттілік – адамның өз бейімділігі негізінде, шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасау арқылы қалыптасатын қасиет.

Ресейлік психологияда қабілеттер жайлы ілім біркелкі дамыған жоқ. Мысалы: 1930-40 жылдардың арасында тұтқаға деген тұрпайы социалистік көзқарас қалыптасқан кезде қабілет жайлы мәліметтер психологиядан да, педагогикалық практикадан да алынып тасталған. Тек 50–жылдардың ортасынан бастап бұл мәселе бойынша іргелі зерттеулер жүргізілді.

Қабілет ұғымына психологияда түрлі анықтамалар бар. Ең алғаш қабілет мәселесін көтерген С.Л.Рубинштейн іс-әрекеттің қабілетті дамытудағы ролін нақтылап, қабілеттердің іс-әрекет барысында дамитындығы жайлы теориянын негізін салды.

С.Л.Рубинштейн: «Қабілет әрекеттің талаптарын қанағаттандырады және үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ол қасиеттердің синтезі» дейді [25]. Бұдан бөлек психологияда:

1. Қабілет – белгілі бір немесе бірнеше істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әртүрлі жеке қасиеттері [26].

2. Қабілет – адамның білім алуға қажетті психологиялық ерекшеліктері [27].

3. Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті [28] деген анықтамалар кездеседі.

Қабілет мәселесі көптеген зерттеушілердің назарын аударып келді, әлі де өзектілігін жойған жоқ. Кеңестік психологтардың қабілет жайлы еңбектерін шартты түрде 2 топқа бөлуге болады. Біріншілер қабілет мәселесін

құрылымдық тұрғыдан талдаса, екінші топ өкілдері қабілетті теориялық негізде зерттейді. Енді сол еңбектердің кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Б.М.Теплов және оның шәкірттері қабілетті жеке адамның психологиялық ерекшелігі деп қарастырып, оның дамуындағы нышанның роліне ерекше назар аударады. Олар қабілет туа пайда болмайды, туа берілетін тек табиғи алғышарттар, яғни нышандар дейді [29].

Ал А.Н.Леонтьев басқа авторлардың қабілет ұғымына берген анықтамаларына тоқтай келе, оларды дамытудағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші ролі ерекше екеніне назар аударуды ұсынды. Ол барлық психологиялық қасиеттер сияқты, қабілеттер де алдыңғы ұрпақ тәжірибесін менгеруде қалыптасып, дамып отырады деген идеяны алға тартады [30].

Қабілет жайлы ой-пікірлерді әрі қарай өрбіте отырып, Б.Г.Ананьев қабілет тек білім, білік жиынтығы ғана емес, оларды қолдана білудегі дербестік, саналылық, шығармашылық деген пікір айтады. Ол қабілет дамуын тұлғаның дамуымен байланыстырады және таланттылық деп қабілеттің көпқырлылығын айтады. Б.Г.Ананьевтің пікірі бойынша, нышан қабілеттердің алғышарты және олар тек іс-әрекетте ғана қабілетке айналады [31].

Сондай-ақ қабілеттің жекелеген түрлерін зерттеумен айналысқан ғалымдар да аз емес. Мәселен, В.А.Крутецкий математикалық қабілетке байланысты еңбегінде қабілетті әрекетке жарамдылық деп тануды ұсынады және ол әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай орындауда көрінетін қасиет деп есептейді [32].

Жаңашыл педагог И.П.Волков «... егер баланың жеке қасиеттерін жас кезінен анықтап, дамытуға жағдай жасаса, талант қалыптастыру кез келген мамандық дайындау сияқты қатардағы шара», - дейді [33]. Бейнелеу өнеріне деген қабілет жайлы зерттеу жүргізген В.И.Кириенко қабілет адамдардың жеке ерекшелігі және бейнелеу өнеріне деген қабілет тек сурет салуда ғана емес, ойын, еңбек сияқты басқа да әрекеттер барысында да дамитынын дәлелдейді [34].

Көрнекті психолог, Н.С.Лейтес қабілетке «іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізген психологиялық қасиет», - деген анықтама береді және ақыл-ой қабілетінің алғышарты *белсенділік және өзін-өзі реттеу* деген қорытынды жасап қабілеттілікке төмендегілерді:

ұқыптылықты, жинақтылықты, зейіннің тұрақтылығын, еңбек ету қабілетінің жоғарылығын;

ақыл-ойды, логикалық ойлауының жылдамдығын, кез-келген жағдайды талдап, салыстыра білуін;

барлық күш-қуатын сарқа жұмсап, тынымсыз еңбек етуін жатқызады.

Бейімділік пен қабілеттің соншалықты тығыз байланыстылығы кейде тіпті бірінен-бірін ажырату қиындығын туғызады. Дегенмен, «Бейімділік - ұмтылу, ал қабілет – мүмкіндіктер», - дейді Н.С.Лейтес. Баланың бейімділігін тәрбиелей отырып, оның жалпы қалыптасуына, ақыл-ойының өсуіне жағдай жасауға болатындығына тоқталады [35].

Ең алдымен, қабілет әрекеттің белгілі бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділікпен байқалады, «Бейімділік – адамның әрекетпен айналысуға бетбұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттердің алғашқы белгісі», - деп жазады академик Т.Тәжібаев. Ол бала кезде ерекше көзге түсетін бейімділік оның келешек қабілетінің көрсеткіші екенін ерекше атайды [36].

Аталған зерттеулерді талдай отырып, бұл проблемаға деген қызығушылық үнемі болған және олардың арасында үлкен карама қайшылықтар жоқ деуге толық негіз бар.

Сонымен, қабілет туралы тұжырымдарды, еңбектерді талдай келе, адам бойында табиғи мүмкіндіктер болады, олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды, әр адам басқа адамнан өзінің табиғи психологиялық өзгешеліктерімен ерекшеленеді деген қорытынды шығаруға болады.

Қабілет туа бітетін қасиет емес, ол өмір сүру барысында дамып отырады. Қабілет дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады.

Сондай-ақ, қабілет мәселесін қарастыруда «талант», «дарын» терминдерін айналып өтуге болмайды.

«Дарындылық» ұғымы туралы психологиялық-педагогикалық анықтамалар оған өз катарындағы адамдардан жоғары ақыл-ой қызметімен ерекшеленетін адам қасиетін жатқызады. Дарындылық пен таланттылықты синоним ретінде қолданып жүрген авторлар да кездесіп қалады. Біздің ойымызша, таланттылық арнайы іс-әрекетте жоғары нәтижеге жеткізсе, дарындылық ақыл-ой қызметінің ең жоғарғы дәрежесімен сипатталады. Әрбір талантты балада дарындылық бар да, ал дарынды баланың барлығы бірдей талантты болмауы мүмкін. Өйткені, дарындылық - адамның немесе топ адамдардың шығармашылық мүмкіндіктерін көрсететін, қабілеттіліктің өзіндік бір салалық үйлесімділігі.

Ғалымдар дарындылықты, бір жағынан, ойлау қабілетінің, ақылының, жан қасиетінің, еркіндіктерінің даму дәрежесіне қарап, және де осы қабілеттіліктердің білімнің әр саласын меңгеруге бағыттылығы бойынша ажыратады. Енді біз қабілет, дарын сияқты қасиеттерге негізделетін «шығармашылық» ұғымына жеке тоқталған жөн деп ойлаймыз.

«Шығармашылық» ұғымының мәнін анықтайтын болсақ, ол адамға ғана тән қасиет. Шығармашылықты адамның қоғамдық мәні бар жаңа материалдық және рухани құндылықтар тудыратын іс-әрекеті деуге болады. Өйткені, күнделікті өмірдегі шығармашылық - өмір сүрудің қажетті шарты. Тұлғаның еңбек өнімділігі мен мүмкіндіктер шегінің арақатынасы оның шығармашылық қабілетін сипаттайды.

«Шығармашылық» сөзінің этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, оны жаңа нәрсе ойлап табу сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «... шығармашылық - қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сатыдағы, бұрын-соңды болмаған жаңалық ашатын іс-әрекет», - деген анықтама берілген [10].

Философтар В.С.Библер мен оның ізбасарлары ойлау мен шығармашылықты өзара ұқсас, теңбе-тең түсінік деген идеяны ұсынады және де ойлауды шығармашылық пікір деп түсінеді [37].

Философиялық еңбектерге жасалған талдауларға сүйенсек, «шығармашылық» ұғымының астарында «қабілет» ұғымы жататынын философтардың барлығы да мойындайтыны аңғарылады.

Шығармашылықтың ішкі мазмұнын психологтар жан-жақты зерттеп келеді.

Психологиялық сөздікте: «Шығармашылық - жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі», - делінген [12].

«Шығармашылықты жаңа бірегей нәрселер жасаудан өзге тұлғаның қабілеті, ынтасы, білімі, іскерлігі, т.с.с. қасиеттерінің жемісі деуге болады», - дейді В.Г.Пушкин [38].

Психологияда «шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын алғаш рет С.Л.Рубинштейн негіздеді. Ол: «Адамның шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі – оның саналы түрде мақсатты әрекет жасаумен анықталады. Бұл жағдайда адам алға қойған мақсатына қарай өз ойларын объективті түрде тұжырымдап, оны нақты жағдайда қолдана біледі және адам мен қоршаған орта арасындағы, яғни субъекті мен объектінің нақты бірлігі түрінде көрінеді», - деп тұжырымдайды [25].

Көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.В.Петровский «шығармашылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған [39;40]. Ал Ф.А.Пономарев «шығармашылықты» «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа деңгейге көтереді деп есептейді [41].

Педагог зерттеуші А.Матейко шығармашылық процестің негізі – бар тәжірибені қайта құру немесе оның негізінде жаңа комбинацияларды қалыптастыру деп атап санайды [42].

Шығармашылық психолог Л.В.Запорожец еңбектеріне де арқау болғанын байқаймыз. Оның басты жетістігі – оқу-тәрбие процесінің мектеп қабырғасынан бастап шығармашылық сипатта болуын көздегендігінде болып отыр [43].

Ал, Д.Б.Богоявленскаяның пікірі бойынша, шығармашылық - бұл жеке тұлғаның «шығармашылық әрекетінің» туындысы. Ол мотивтік құрылымдар арқылы кейде тежеледі, кейде ынталанады және жеке тұлғаның шығармашылық потенциалы интеллектуалды белсенділік ұғымына байланысты анықталады екен [44].

Шығармашылық туралы еңбектерді талдай келе, ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне, белгілі бір шарттар орындалған жағдайда, кез-келген оқушыны көтеруге болатынын әр қырынан дәлелдеуде деген қорытынды жасаймыз.

Шығармашылықты әр буынға қатысты зерттеген еңбектер біршама. Мәселен, В.И.Андреевтің зерттеу жұмысы мектепте, орта және жоғары оқу орнында шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіне арналады. Ол проблеманың зерттелуінің әдіснамалық ауқымын және ондағы диалектикалық кедергілерді анықтайды [46].

Шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі – дарындылық, таланттылық мәселесінің теориясын жасаған В.Э.Чурновский, В.С.Юркевич, И.П.Волков, Ү.Б.Жексенбаева осы феноменнің ерекшеліктері, олармен жұмыс түрлері, дарынды, талантты балалар экологиясы жайлы ой қозғап, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге байланысты тәжірибелермен бөлісіп, ұсыныстар береді [52; 33; 53].

Педагогикалық еңбекті шығармашылық процесс ретінде қарастырған В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандровтың зерттеулерінде ұстаз шығармашылығының психологиялық негіздеріне, мұғалімнің жеке шығармашылығын қалыптастыру жолдарына талдау жасалады [54].

Біз жоғарыда аталған еңбектерде шығармашылық қабілеттердің белгілерін анықтау, шарттарын айқындау, жолдарын табу сияқты ортақ идеялардың қарастырылғанын анықтадық.

Оқу процесінде студенттердің шығармашылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі шығармашылық процестің қандай кезеңдерден тұратындығын білуді талап етеді және оған деген көзқарастар түрліше. Мысалы, көрнекті француз математигі Ж.Адамар шығармашылық процесті 3 кезеңге бөледі:

Дайындық кезеңі.

Инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі.

Интуицияның жарқ етуі. Эврика.

Тексеру кезеңі [55].

Ал А.Н.Лук шығармашылық процесті 5 кезеңге бөледі:

Айқын және дұрыс қойылған мақсат.

Күшті жұмылдыру, қосымша мәліметтер іздеу.

Проблемадан уақытша кету. Инкубация.

Интуицияның оянуы. Инсайт.

Нәтиженің дұрыстығын тексеру [56].

Б.А.Тұрғынбаеваның зерттеуіндегі шығармашылық процестің кезеңдерге бөлінуі назар аударуға тұрарлық:

Жаңалықпен бетпе-бет келу.

Шығармашылық белсенділік, екіұштылық.

Шешімнің жарқ етуі.

Шығармашылық акт.

Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу [57].

Біз талдаған зерттеулерден арнайы ұйымдастырылған оқыту әдістері шығармашылық процестің дамуына, ойлаудың икемділігіне әсер ететінін көреміз. Осыдан барып бала психологиясындағы шығармашылыққа ерекше көңіл бөлу керектігі шықты. Әрине, мұндай ғылыми шығармашылық еңбек пен баланың шығармашылық әрекетінің арасында үлкен айырмашылық бар

екенін ескеруіміз керек. Психологтардың көзқарастары бойынша «шығармашылық» – субъектінің қандай да бір жаңалық табудағы әрекеті. Сондықтан да шығармашылық тура және кері мағынадағы «тандаулылар» үшін ғана емес, әрбір адамға тән қасиет. Мейлі жаңа білімді меңгерген оқушы болсын, мейлі жаңа техникалық тапсырманы орындаған оқушы болсын, олар шығармашылықпен әрекет жасайды. Осылайша, психологиялық көзқарас бойынша, оқытудағы шығармашылық процесті субъект үшін бұрын белгісіз болып келген мәселелердің шешімін табу, жаңалық ашу деп түсінуге болады.

Шығармашылық қабілет жалпылама сипаттау – оны субъектінің шығармашылығының жемісі деп қабылдауға мүмкіндік береді. Олай болса, шығармашылықтың шарттарына сәйкес, «шығармашылық» жеке тұлғаға бағытталған екені, оның қатысуынсыз шығармашылық қабілеттің болуы мүмкін еместігі анықталған.

Шығармашылықты дамытудың жолдарын зерттеу мақсатында шығармашылықты адамның ақыл-ой белсенділігі деп анықтау мен оған басқа да педагогтардың толық келісетіндігін ескере отырып, шығармашылықтың білімді игеру қарқындылығына байланысты болатындығын анықтадық. Яғни, білімді игеру қарқындылығы төмен болса, онда шығармашылықтың құрылымы (ерекшелігі, күрделілігі, нақтылығы, түсініктілігі, т.б.) төмен болатыны және, керісінше, білімді игеру қарқындылығы жоғары болса, онда шығармашылықтың құрылымы жоғары болып, нәтижесінде шығармашылық қабілеттің дамитындығы айқындалады.

Оқу процесінде шығармашылықтың құрылымы аз қолданылғанмен, ғылыми процесте ол «оқушылардың өзіндік іс-әрекеті» ұғымына сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, оқушылардың шығармашылығының нәтижесі өз мәнінде ғылыми шығармашылық еңбектен айырмашылығы шамалы.

Жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту үшін оқытуға проблемалық жағдаяттар енгізілуі тиіс, сонда оқушылар алдында қойылған түйінді мәселені өз бетімен немесе мұғалімнің көмегімен шешеді. Мұндай оқыту

барысында танымдық қызмет құрылымында маңызды психологиялық заңдылық – ойлау қабілетінің проблемалық сипаты жатады. Байқаулар көрсеткендей, шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушылар проблемалық тапсырманы шешуде қосымша материалдар іздеуге белсене кіріседі, мәселені шешудің түрлі жолдарын белгілеп, оларды қолданады. Олар неғұрлым көбірек дербестік танытқысы келеді.

Болашақ мұғалімнің шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау процесін бір ізділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін-өзі дамытатын белсенді ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру процесінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады [47,13 б.]

Демек, оқыту әдістері студенттердің шығармашылығын дамытуға бағытталуы керек. Олай болса, студенттердің танымдық іс-әрекеті мен шығармашылық дамудың нәтижелілігі, оқыту әдістерін комплексті түрде ұйымдастырудың алғышарттарын жасауда болып табылады. Оқыту әдістерін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады, бұл студенттердің интеллектісін, зейінін, ойлауын арттырады.

Оқу процесінде шығармашылық түсінігін бірінші кезеңде жеке бастың қасиеті емес, студенттердің оқу процесіндегі іс-әрекеттің құралы және табыстың «белгісі» деп білу керек. Яғни, оқу процесіндегі негізгі мәселе – студенттердің белсенді іс-әрекеті және ол шығармашылықтың дамуына негіз болады деген қорытынды жасауға болады. Бұл кезде студенттердің іс-әрекеті неғұрлым үйлесімді, кемелденген, тиімді оқыту әдістерімен ұйымдастырылса, онда олардың белсенділігі де соғұрлым жоғары болып, шығармашылықтың дамуы қарқынды түрде көрінеді. Яғни, оқу процесіндегі негізгі мәселе – студенттердің белсенді іс-әрекеті және ол шығармашылықтың дамуына негіз болады.

Ол үшін ең бастысы оқу процесін гуманизациялау қажет. Яғни, пәндерді жүргізу барысында студенттерге проблемалық ситуация, ойын ситуациясын құру, сезімдік ықпалмен әсер етуге болады, бақылау мен талапты күшейту, ынталандыру, әр студенттің тәртібі мен мінез-құлқына және жұмыс істеу ырғағына үйлесімді тәсілдер қолдану, шаршау мен жалығудан арылту шараларын жасау оқу процесін гуманизациялауды жүзеге асырады.

Бұдан біз шығармашылықтың мәні – алдымен оның қажеттілігінде, әрбір адамның шығармашылық қабілетінің нәтижесін рухани қанағаттану мен қуаныш сезіміне айналдыруға жаңаша қадам жасауда деп түсінеміз.

Болашақ мұғалімдердің шығармашылығын дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздерін талдай келе, мынадай түйіндер жасауға болады деп ойлаймыз. Я.А.Пономаревтың пікірінше, адамның шығармашылық қабілеттері оның жалпы және арнайы қабілеттеріне тәуелсіз болып, олармен қатар өмір сүре береді [58]. Осыған сүйене отырып, оқу процесін ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың сан түрлі қыры мен жолын тануға болады. Өйткені студенттердің шығармашылығын дамыту барлық педагогикалық технологиялардың көздеген мақсаттарының ең биік шыңы десе болады.


Г.К.Селевконың айтуынша, қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ғылымда шығармашылық шартты ұғым ретінде алынады. Шығармашылықтың байқалатын, көрінетін тұстары - таза жаңаны жасау процесі және сонымен қатар, салыстырмалы түрдегі жаңаның белгілі бір аяда, белгілі бір кезеңдегі, белгілі бір орындағы, белгілі бір субъектіге маңызды болып табылатын, сөйтіп, сан қырынан танылатын процесс [59].

Біз оны жеке тұлғаның дамуының психологиялық механизмдері арқылы көрсетіп отырмыз (1 сурет):

Шығармашылыққа философтар берген анықтамаларды талдай және оларды өзара салыстыра келе, шығармашылықты біз де тарихи-қоғамдық мәні бар жоғары деңгейдегі жаңалық ашатын іс-әрекет деп танымыз. Осы желіде психологтардың шығармашылықты тануда оған нәтижесінде жаңа

құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын адамның іс-әрекеті деп берген анықтамасын негізге алу қажет деп санаймыз.

Шығармашылық – адамға тән ерекше қасиет дейтін болсақ, онда тұтас шығармашылық бірден көзге көріне салатын құбылыс еместігін де түйсінеміз. Тұтастықтың жекелеген бөлшектерден құралатыны белгілі. Сондықтан, шығармашылықтың танылатын тұсы ерекше болып келетін, шығармашылық қабілеттердің болмысынан танылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, шығармашылықты біз де А.Н.Луктың ізімен: мәселені қарастырудағы қырағылық пен көрегендік; алынған ақпаратты жүйке жүйесінде код арқылы хабарлау; тасымалдай білу; ақылдың икемді болып келуі; ойдың оралымды болып келуі; әрекетті өзі танып-бағалай білуі деп танаймыз.



І сурет – Жеке тұлғаның даму деңгейі

Шығармашылықты танудың теориялық негіздері оқыту арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту процесін ұйымдастыруға тірек бола алады. Студенттердің шығармашылығын дамыту үшін аса маңызды болып табылатын «кабілет», «бейімділік», «талант», «дарын» ұғымдарын ажырата танып-білу керек. Бұл ұғымдар - өзара тығыз байланысып жатқан, болмыстары тым күрделі де терең болып келетін ұғымдар деуге болады.

Қорыта келе, шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деп тұжырымдауға болады. Шығармашылық әрекетке – болашақ мұғалімнің проблеманы көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыра алуы жатады.

Сонымен, шығармашылық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижесінде жаңа материалдық және идеялық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті.

1.2. Студенттердің шығармашылығын дамытуда жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды қолданудың ерекшеліктері

Адамның жеке тұлға ретінде сапалық көрсеткіштерінің бірі гуманистік қасиет болуы жалпы адамзаттық құндылықтардың іргетасын қалайды. Білім беруді гуманизациялау идеясын жүзеге асыру барлық білім беру жүйесінің, әсіресе жоғары оқу орындардардың міндеті. Қоғамның жана дәуірге көшу процесі жағдайында халықтың ғасырлар бойы жинақталған гуманистік мұрасына ден қою – адамзаттық прогрестің айқын көрінісі.

Бүгінгі таңда өркениетті елімізде ғылым мен техниканың қарыштап дамуы өзінің игіліктерімен біргеб әлемдік экологиялық апаттарды тудыруы салдарынан сақтандырудың басты жолы қоғамды гуманизациялау екендігі белгілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қоғамның ең құнды байлығы – адам екені баса айтылған [60]. Осыған орай жоғары оқу орындарда іс-жүзінде қолданатын білімдерді меңгерумен қатар, парасаттылық пен руханилыққа баса назар аударудың өзектілігі арта түсуде.

Сондықтан білім беру жүйесін тұлғаның дамуына бағдарлау арқылы жаңалаудың тиімді жолдары қайта қаралып, жаңа көзқарастар қалыптасып отыр. Демек, білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, оқу-тәрбие процесін гуманизациялау – өмірдің өзі талап етіп отырған бүгінгі күннің объективті заңдылығы. Бұл мәселенің өзектілігі туралы Президенттің Қазақстан халқына жолдауында да ерекше атап көрсетілген [61].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.А.Бейсенбаева: «Гуманизм кең мағынада – адамның жеке тұлғасын құндылық деп санайтын, оның еркіндікке, бақытты өмір сүруге, өзінің қабілеттерін ашуға және дамытуға, басқа адамдармен өзін тең, қатар ұстауға мүмкіндік туғызатын танымдық жүйесі», - деп көрсетеді [64].

К.К.Көшербаев, А.К.Ахметов, А.Е.Әбілқасымова, Х.М.Рахымбектердің пікірлері бойынша: «... гуманизм – рухани құндылықтардың жүйесі ретінде тек декларативтік қағида болып келді... Соңғы он жылда гуманизм қағидаларының әлемге таралуы заңдылық болды және де қазіргі кезде білім беруде, мәдениетте, ғылымда, философияда басты және әрекеттік негіз алуда гуманизациялау әлемдік бірлестіктің қоғамдық дамуында саяси қағида және де стратегиялық мақсат ретінде жарияланады» – делінген [65].

Ал Э.А.Урунбасарова: «Гуманизм бәрінен бұрын адамның адамшылығын білдіреді: яғни, адамдарға деген махаббат, толеранттылығы, мейірімділік пен оның жеке тұлға ретінде құрметтелуі» – деген анықтама беріп отыр [66].

Гуманизм мәселесін зерттеуші ғалымдардың барлығы да гуманды адам өзінің бойында қалыптасқан гумандық қасиеттері арқылы ерекшеленеді деп тұжырым жасайды.

Сонымен аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, гуманизм – адам бойындағы мінез-құлық пен қарым-қатынас тұтастығымен айқындалады деуге болады.

Ал Н.Н.Ханның пайымдауынша, гуманизациялау жоғары оқу орындарында білім берудің жеке тұлғаға бағытталуын, адамзаттық қасиеттерінің ашылуына және қалыптасуына жағдай туғызуды білдіреді [71].

Қорыта келе, гуманизация – жеке тұлғаға батыл бетбұрыс, оның құқы мен қызығушылығын қорғау, оның қабілеті мен бейімділігін дамыту, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай туғызу. Ендеше оқу-тәрбие процесін гуманизациялаудың болашақ мұғалімді жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлға етіп тәрбиелеуде маңызы зор екендігіне көз жеткіздік.

Оқу процесін гуманизациялауды, жаңа технология мен озық тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастықта зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылдарға арналған білім мемлекеттік бағдарламасында оқу процесінде жаңа технологияларды өңдеу мен енгізуде инновациялық тұрғыдан қайта қарауды жүзеге асыру керектігі қарастырылған. Бағдарламада жаңа оқу жоспарларын, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік жинақтарын, жаңа бағдарламаларды енгізу арқылы білім берудің мазмұнын жаңарту мәселесін технологиялық негізде жүргізуге көңіл бөлінген [81].

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын азамат тәрбиелеу оның өзін белсенді жағдайға қоятын оқыту технологияларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл “білімдік технология”, “педагогикалық технология”, “технология” ұғымдарының мән-мағынасын ашып алуды қажет етеді.

Д.Г.Левитестің пікірінше «білім беру технологиясы» – орындалуы педагогикалық мақсатқа жетуге кепілдік беретін реттелген қызмет жүйесі. Бірақ бұл өте ауқымды анықтама. Оған тәрбиелеу технологиясы да, қарым-қатынас технологиясы да, оқыту технологиясы да кіреді [82].

Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар. Олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б.Блум, Ф.Фрадкин, П.Я.Гальперин, М.Кларин, Л.В.Занков т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [83; 84; 85; 86; 87].

«Технология» термині алғаш рет 1940-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды.

Технология - өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай даяр заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы [88].

Қысқаша педагогикалық сөздікте “Педагогикалық технология – социомәдени өлшемді тұлғалық көрініс еркіндігін үйлестіру, әлемге қатынасын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен дара қарым-қатынас мағынасында балаға педагогтық әсер етудің ғылыми негізделген кәсіби шешімін білдіретін педагогикалық шеберліктің компоненті”, - делінген [90].

В.П.Беспалько педагогикалық технологиясы мынадай төрт басты шарттарды орындауы тиіс:

а) педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық эксперименттерді жоюы керек;

ә) тұлғаның танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет;

б) оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді;

в) практикада оқу-тәрбие процесінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс деп атап көрсетеді және педагогикалық технология практикада жүзеге асатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деген көзқарас білдірген [91].

Б.Т.Лихачев: «Педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттердің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу», - деп түсіндіреді [92].

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша: «Педагогикалық технология – бүкіл оқыту процесі мен білімді техникалық және адам ресурстарын, олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі», - дейді [59,15 б.].

Г.С.Сельевконың пікірінше, «педагогикалық технология» үш түрлі: *ғылыми, бейнелік және нақты* өрісте көрінуі мүмкін.

Бірінші жағдайда, ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық процесті жобалаушы бөлігі, аймағы;

Екінші жағдайда, ол процестің жүру алгоритмі, жоспарланған нәтижеге жетудің мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдарының бірлігі;

Үшінші жағдайда, барлық жеке, заттық және әдістемелік құралдардың жұмыс істеп, жүзеге асуы болып табылады.

Сол себептен Г.К.Селевко педагогикалық технологияның құрылымына төмендегідей бөліктерді:

- а) тұжырымдық негіз;
- ә) мазмұндық бөлім: оқытудың жалпы және нақты мақсаттары, оқу материалдарының мазмұны;
- б) процессуалды бөлім – технологиялық процесс: оқу процесін ұйымдастыру; оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; мұғалімнің материалды игеру процесін басқарудағы іс-әрекеті; оқу процесінің диагностикасын кіргізеді [59, 17 б.].

Н.Ф.Талызинаның пікірінше: «Оқыту технологиясы – бұл оқу процесін нақты сипаттаудың, мұғалімге қойылған мақсатқа жетуде басшылыққа алынатынның нақ өзі» [97].

Ж.Қараевтың пікірінше, технология дегеніміз - әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық процестер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана. Оның үстіне қолданылатын әдістер нәтижеге жетуге кепілдік бере алмайды [98].

Ғылыми–педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, қазіргі педагогикалық теорияда «педагогикалық технология» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, оны біреулер мектепті техникаландыру десе, енді біреулер оқытуды аудиовизуалды құралдармен камтамасыз етіп, компьютерлендіру, ал келесі бір көзқарас бойынша, дидактикалық жобалар мен педагогикалық жүйені, оны практикада қолданудың дәрежесін көтеру болып табылады

дейді. Осының бәрі бұл ұғымның (құбылыстың) көп қырлылығын сипаттайды, демек оны зерттеудің әдіснамалық бағыт-бағдарын негіздеу қажет.

Сонымен, педагогикалық технология – тиімді оқыту жүйелерін құрастырумен, оқу процестерін жобалаумен айналысатын педагогикалық ғылымның бағыты.

Біз «технология» – *techne* - өнер, шеберлік және *logos* - ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін көреміз.

Педагогикалық технологиялардың қазіргі мағынасы адамның іс-әрекетінде білімдердің тәсілдерін қолдана отырып белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кепілдік беру. Осылайша технологияның негізгі белгілері болып табылатындар:

белгілі бір құрамдардың жиынтығы (сәйкес келуі, кірігуі);

логикасы, құрамдардың бірізділігі;

әдіс-тәсілдер, әрекеттер;

нәтиженің кепілі деген қорытындыға келдік.

Білім берудегі педагогикалық технологияның жеке аспектілері мен түрлерін В.М.Монахов, М.В.Кларин, Ш.А.Амонашвили, Д.Б.Эльконин, В.З.Давыдов, Ю.К.Бабанский, В.К.Дьяченко, П.М.Эрдниев, В.Ф.Шаталов және т.б. еңбектерінде қарастырса; Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Т.Галиевтың, Н.Н.Нұрахметовтың, Г.К.Нұрғалиеваның, М.М.Жанпейісованың, Ә.Ә.Жүнісбековтың педагогикалық технологиялары кеңінен танымал. «Оқытудың мазмұны тұрғысынан қарағанда оқыту технологиясы – біркалыпты жоспарлы ұйымдастырылған және оқытудың техникалық құралдары толық және ішінара қолданылған оқу процесі мен білімді игеруді зерттеумен айналысады», - деп жазды белгілі дидакт В.Оконь [100].

Сонымен, педагогикалық технологияның өзіне тән ерекше сипаттарына төмендегілерді:

оқытудың диагностикалық негізде қойылған мақсаттарын анықтау;
оқу мақсаттарына жету кепілдігіне бағытталу;
кері байланыс, ағымдағы және қорытынды нәтижелерді бағалау;
оқыту әрекеттерін қайта жаңғыртуды жатқызады.

М.Чошанов «оқыту технологиясы» мен «әдістемелік жүйенің» негізгі айырмашылықтарын ажыратып, *диагностика, нәтижелілік, үнемділік, түзету* сияқты педагогикалық технологияның негізгі белгілерін айқындап берді [101].

Егер педагогикалық технологияда бұл белгілер айқын байқалса, әдістемелік жүйеде бұлар өте әлсіз болады не мүлдем болмайды.

Сол сияқты В.И.Андреевтің оқыту әдістемесі мен педагогикалық технологияға жасаған талдауларын басшылыққа ала отырып, А.А.Жайтапова оны салыстырмалы түрде төмендегідей 1 кестеде көрсетеді:

1 кесте – Оқыту әдістемесі мен оқыту технологиясын салыстырмалы талдау

Салыстыру өлшемі	Оқыту әдістемесіне тән белгілер	Оқыту технологиясына тән белгілер
Мақсаттылық	Оқушылардың ақырғы мақсатты жете түсінбеуі	Оқушылардың ақырғы мақсатты жете ұғынуы
Тұжырымдамалылық	Мұғалімнің теорияны субъективті түсіндіруі	Ғылыми негізделген теорияға сүйену
Жүйелілік	Жүйелілік міндетті емес	Оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, әдістемесін, амалын жоғары деңгейде жүйелі пайдалануы мен жобалауы
Диагностикалық	Мұғалім қоятын талап деңгейіне байланысты	Ғылыми объективті көлемдермен негіздеу
Оқыту сапасына кепілдік	Мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне байланысты	Тұрақты жоғары
Жанашылдық	Көбіне тактикалық	Стратегиялық (іс-әрекеттік)

	(әдістемелік) сипатта болады	сипатта болады
--	------------------------------	----------------

Оқыту технологиялары жіктелмесіндегі жеке тұлғаға бағдарланған технологиялардың біздің зерттеулеріміз үшін алар орыны ерекше. Өйткені жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар жеке тұлға дамуының, оның қуатын пайдаланудың шиеленіссіз, қауіпсіз, жайлы шарттарын қамтамасыз етеді, олардың мақсаты баланы жан-жақты, еркін және шығармашылық дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары:

- В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы [71];
- П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру (ДБШ) технологиясы [81];
- В.В.Фирсовтың саралай оқыту технологиясы [91];
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы [79];
- Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы [88];
- Ю.К.Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологиясы [102];
- М.Чошановтың, П.И.Третьяковтың, К.Я.Вазинаның, В.М.Монаховтың модульдік оқыту технологиялары [101; 95];
- Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы [105];
- Ж.А.Қараевтың, Т.Т.Ғалиевтің, Ә.Жүнісбектің, М.М.Жанпейісованың, Н.Н.Нұрахметов пен К.Әбдіғалиевтің оқыту технологиялары кеңінен танымал [106].

Енді осы технологиялардың кейбірінің өзіндік ерекшеліктеріне қысқаша жеке-жеке тоқталайық.

Біздің ойымызша, мұнда ең бастысы – педагогика саласының кез келген пән сабағында барлық студенттердің жаппай және толық белсенділігін қамтамасыз ететін оқу қызметі жүйесін әзірлеу.

Жаңа материалды өтудің бірінші кезеңінде, В.Ф.Шаталовтың пайымдауынша, оқатушы түрлі жаңа техникалық заттармен иллюстрациялау, жаппай әңгімелесу элементтерін және де басқа дәстүрлі әдістеме тәсілдерін қолдана отырып, материалды әдеттегідей түсіндіреді (дәріс сабағында қолдануға болады).

П.М.Эрдниевтің пікірінше, ірілендірілген дидактикалық бірліктер әр пән сабағында ағымдағы оқу жұмысын қорытып отыруға, материалдағы қисынды байланыстарды айқындауға, материалдың бастысын және мәндісін атап көрсетуге, оны эмоциялық түрде беріп, бекітілуін неғұрлым тиімді етуге мүмкіндік береді. (Қосымша)

В.В.Давыдовтың пікірінше, студенттердің тек ақыл-ойындағы ғана емес, сондай-ақ гуманды, жеке тұлғалық дамуындағы өзгерістерді де ескерудің маңызы зор. (Қосымша)

Топ студенттердің оқу қызметін ұйымдастырудың ұжымдық формасы жұмысқа бірге қатысушылардың өзара ықпалдастығын, өзара жауапкершілігін білдіреді.

Ұжымдық жұмыстың төмендегідей белгілері бар:

- ортақ мақсаттың болуы;
- жұмыстың, ондағы функциялар мен міндеттердің бөлінуі;
- білім беру процесіне қатысушылар арасында ынтымақтастық және өзара жолдастық көмек;
- басқару ісіне: жоспарлауға, есеп беруге және бақылауға қатысу .

Ұжымдық жұмыстың негізгі қағидасы мен шарты: барлығы әрқайсысын жеке және әрқайсысы барлығын оқытады.(Қосымша)

Ж.А.Қараев технологиясы деңгейлік саралай оқыту шарттарын есепке алатын педагогикалық жүйеге негізделген, ол шағын мақсаттарды және менгеру нәтижелерін айқын белгілеуімен сипатталады.

Автордың ойынша, бұл технология төмендегідей әрекеттер негізінде 100% нәтиже береді:

- деңгейлік тапсырмаларды күрделендірудің қатаң бірізділігін сақтау;

- оқудың ішкі және сыртқы қызығушылықтарын тиімді ұштастыру;
- студенттер қызметін бағалаудың ерекше тәсілі.

Бағалау объективтілігі студенттердің дамуын үнемі қадағалап отыратын тақырып бойынша бақылау жұмыстары, көп деңгейлі тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады (Қосымша).

Жеке тұлғаның дамуына бағытталған оқыту технологиясына жасалған талдаулардың нәтижесінде, біздің көзқарасымыз бойынша, оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда тиімдісі – М.М.Жанпейісова ұсынған интерактивтік модульдік оқыту технологиясы.(Қосымша)

Бұл технологияның ерекшелігі – білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным процестерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы.

Осыдан келіп оқытушылардың жұмысында және оқу процесінің құрылымында өзгерістер болды. Атап айтсақ, білімді толық меңгерту әдістемесінде оқытушының жұмысы мынадай жүйеде құрылады:

- Студенттерді білім беру мақсатымен таныстыру;
- Топ студенттерін пән бойынша белгілі бір бөлімнің жылдық оқу жоспарымен таныстыру;
- Оқытуды жүргізу;
- Диагностикалық тест арқылы ағымды тексеру жүргізу;
- Студенттердің бөлім мазмұнын толық меңгергендігін тексеріп, нәтижесін бағалау;
- Толық меңгермеген студентпен жеке жұмыс жасау (СӨЖ);
- Студенттердің бөлім мазмұнын толық меңгергендігін тексеру үшін диагностикалық тест жүргізу (сонында рейтинг шығару).


Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі дарынды студенттермен тұрақты және жүйелі жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Оқу модулінің құрылымы кіріспеден, диалог (сөйлеу) және қорытынды бөлімнен тұрады.

Психологтардың пікірі бойынша, әрбір жеке тарауды (тақырыпты) оқу негізгі 3 кезеңнен тұру керек: кіріспе–себептілік; танымдық іс-әрекет; рефлексивті бағалау.

Зерттеу жұмысымызда аталған оқыту технологияларына талдау жасау нәтижесінде олардың барлығына дерлік ортақ ерекшелік:

- оқу материалының жүйелі түрде берілуі (жеңілден күрделіге қарай өсу бағытымен);
- оқу процесінде оқушылардың шығармашылық ізденіс жұмысымен айналысуы;
- оқушылардың іс-әрекетінің үнемі бақылауға алынуы;
- оқушы білімінің бағалануы (ынталандыру және нақты бағалар арқылы) деген тұжырым жасаймыз.

Ал айырмашылықтарына тоқталатын болсақ, оларды мынадай 2 суретте көрсетілгендей үш топқа бөлуге болады.



2 сурет – Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары

Демек, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір студенттің өзін танып білуге, оқу процесінде өзінің қызығушылығы, қабілеті мен мүмкіндігіне сәйкес білім алуға және көрсете білуге мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту - оқу процесінде бейімділігіне, қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес өзін танып білуге, өзін-өзі көрсетуге оқушыға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, оқыту технологиясы жоғары оқу орында оқыту процесіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі оқу-әдістемелік кешені ретінде пайдаланылады. Ол болашақ мұғалімдер тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен қатар, педагогиканы нақты ғылымға жақындату, студенттердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты күре тамырының ролін атқарады.

1.2. Оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамытудың шарттары.

Қоғамдағы болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша карауды, қол жеткен жетістіктерді саралауды, жастардың шығармашылық мүмкіндігін дамытуды, оқытушы іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап ететіні белгілі.

Соңғы жылдарда жоғары оқу орындар өміріне еніп жатқан өзгерістер - жаңа педагогикалық ойлау - ең алдымен студентке деген қарым-қатынаспен анықталады.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарды демократияландыру, гуманизациялау негізінде қайта түрленіп жанаруына, егеменді мемлекетте жан-жақты жетілген, іскер адамды, кәсіби маман иесін тәрбиелеуге мүмкіндік тудыратыны анық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қазіргі жоғары оқу орындар, *біріншіден*, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; *екіншіден*, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін жоғары оқу орындар ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», - деп атап көрсетілуі жоғары оқу орындардағы оқу-тәрбие процесіне жаңа бағыт сілтейді.

XXI ғасырдағы қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңа үрдістері туғызған реформалар негізінен мектепке көбірек назар аударуды қажет етіп отыр.

XX ғ. басында отандық педагогтар білім алушының шығармашылық потенциалына қаншалықты әсер ететіні туралы мәселелерді бірнеше рет көтерді. Я.Зеленкевичтің, В.В.Розановтың жұмыстарында оқытуды даралау

мен дифференциациялау қағидаларының негізінде білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру керектігін айтып өткен.

Білім беру арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігін көтеру және білім алушының шығармашылығын қалыптастыру мәселесін біртұтас педагогикалық процесс тұрғысынан қарау қажет деп санаймыз. Себебі оқыту барысында адамның дамуы қазіргі білім берудің басты мақсаты ретінде қарастырыла келе, білім беру процесін ұйымдастыруды ерекше гуманизациялау, дамыту бағытының басымдылығы тұрғысынан қарау керектігін айқындадық.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы білім беру саласының жан-жақты дамытылуы - тек білімде. Олай болса, сапалы білім беру мақсатында жұмыс жүргізуі үшін жоғары оқу орындардың әкімшілігі мынадай негізгі мәселелерді шешуі тиіс:

- жоғары оқу орындардың материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу-ағарту саласының барлық буындары үшін конкурстық негізде оқытудың әсерлі әдістемелік жүйесін қалыптастыру, оқу мазмұнының мемлекеттік стандартына сәйкес оқулықтармен әдебиеттер, оқу құралдарымен, әдістемелік нұсқаулармен, жаңа техникалық заттармен, көмекші құралдармен жеткілікті қамтамасыз ету;
- студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- жаңа талапқа жауап беретін білімді, білікті кадрларды кәсіби маман иестерін тәрбиелеу.

Қазіргі кезде педагогқа қойылатын белгілі бір талаптар белгіленген, олардың орындалуы білім беру мекемесі мұғалімінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз етеді. Шиеленесушілікті зерттеу мәселелерін әзірлеуге ерекше көңіл бөлінді. Сұхбаттастық қатынас (диалог) оқыту әдістерінің жүйесін құрудың негізі ретінде ұсынылады.

Зерттеу жұмысымыз жеке тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталғандықтан, біз жүйелілік тәсіліне назар аудардық.

Зерттеу қызметінің әдісі ретінде жүйелілік тәсіл оның құрамдарының өзара ықпалдастығы мен өзара байланысын көрсететін жүйе құруды білдіреді. Сонда жүйелілік және біртұтастық тәсілдері жүзеге асырылады, бұл жоғары оқу орынды басқару қызметінің тиімділігін камтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Жүйелілік тәсілі барысында инновациялық қызметтің негізгі мақсаттары анықталды, яғни студенттің жеке тұлғасының :


- қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- жан-жақты дамыту;
- қабілеттерін ашуға мүмкіндік туғызу және білім берудің қазіргі даму кезеңінде оларды реттеу қажеттілігі айқындалды.

Модульдік оқыту технологиясының диалог (сөйлесу) бөлімінде оқытушы мен студенттің іс-әрекеттегі өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруда негізінен Л.Фридманның төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасы басшылыққа алынды:

- Оқу студенттің жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар студенттің қисынды ойлауын, көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын және т.б. қабілеттерін дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.
- Оқуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, студенттің қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.
- Оқуды басқару икемді болуы тиіс, бұл тек студенттің іштей өсуі жүргенде ғана, жастардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкін болады.
- Студенттер нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару жеке тұлғаға бағытталған болуы тиіс. Оқу процесін жеке тұлғалық басқару жүйесінің іс-әрекеттерінің өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жетістіктеріне бағалау сипат алуы тиіс.

« Оқыту процесін басқару жастардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Осы аталған тұжырымдамаға сүйене отырып, біз оқу модулінің диалог бөлімінің оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған іс-әрекет қадамдарын төмендегідей жасадық (3 сурет):



3 сурет -- Диалог бөліміндегі оқушының шығармашылық іс-әрекет қадамдары

Еркін топтарда тұлға өзін еркін сезінеді, яғни оқытушыға тәуелдімін деген сезім болмайды. Педагог пен студенттердің арасында бірлескен (сотрудничество) іскерлік қарым-қатынас орнайды және студенттердің өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігін артады.

Диалогтық қарым-қатынаста ситуацияны бірге талқылап, өзекті мәселені бірге шешуге мүмкіндік туады, яғни барлық қатысушылардың белсенділігін арттырады (дріс сабағында пайдалану).

Диалог бөлімін ұйымдастыруда ойын әрекеті, яғни ойын арқылы оқыту маңызды рөл атқарады. Ойын әрекеті, біріншіден, тіршілік етудің негізгі

формасы болып саналатын болса, екіншіден, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өмір тәжірибесінің нәтижесі болып табылады.


Педагог пен студенттің өзара қарым-қатынасының міндетті шарты студентке дамып келе жатқан жеке тұлға ретінде қарау болып табылады. Басқаша айтсақ, студент тұлғасының белгілі бір құқықтарын тану, оған назар аудару, құрметтеу, сенім білдіру, оның мүдделерін ескеру. Зерттеулер көрсеткендей, оқыту процесіндегі ынтымақтастық төмендегіше тарамдалған өзара ықпалдастық желісін білдіреді:

- педагог ↔ аудитория;
- педагог ↔ студент;
- студент ↔ студент (жұптарда, шағын топтарда)
- топ ↔ топ.

Соңғы кездері тапсырмаларды ұжыммен орындау максатындағы еркін қатынасқа жағдай жасайтын алуан түрлі топтық жұмыс формаларына ерекше назар аударылып жүр. Қандай да бір шартты талаптардың, оқытушының алдында қорқыныш сезімінің болмауы, табиғи еркіндік - мұның бәрі жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін айқындап, дамытуда жағымды ахуал қалыптастыратындығын мынадай циклограмма түрінде көрсетуге болады (4 сурет):

1. Бастау

(тақырыбын, мақсатын анықтап, шығармашылық топтар құру)



(проблемаға талдау жасау,
міндеттер қою, қосымша
акпараттар жинау)

(жүргізілген жұмысқа ұжым-
дық талдау жасау)

3. Шешім қабылдау бағалау

(пікірталас, баламаларын тал-
қыға салу, тиімді жолдарын
табу)

5. Тексеру, нәтижесін

(аяқталған жұмысқа талдау
жасау, жетістіктері мен кем-
шіліктерінің себептерін
анықтау)

4. Орындау

(жоба бойынша жұмыс жасау)

4 сурет - Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру циклограммасы

Студенттер тұлғасының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі бойынша қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау негізінде біз шығармашылықты дамытудың құрылымдық-компоненттік құрамын анықтадық, оған қызығушылық, әрекетшілдік, бағалаушылық құрамдары кіргізілді және мұнда әрбір құрамның өлшемдік сипаттамасы берілді (2 кесте).

2 кесте – Студенттердің шығармашылықты дамытуының өлшемдік сипаттамасы

Құрамдары	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1. Қызығушылық	Өзінің шығармашылығын	Жауапкершілігінің,

	дамыту қызығушылығы мен қажеттілігі. Өз шығармашылығына құндылық қатынасы.	шығармашылық қажеттілігінің болуы. Мақсатты түрде білім ізденуі.
2. Әрекетшілдік	Өзін шығармашылық қызметтің субъектісі ретінде тануы. Өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзін-өзі шығармашылық дамытудың тәсілдерін білуі. Өзін-өзі дамытуы. Шығармашылық қызметті іске асыру іскерлігі.	Өзінің жеке-дара ерекшеліктері туралы білімді меңгеру дәрежесі. Өзін шығармашылықтың субъектісі ретінде тануы. Шығармашылық дербестік танытуы. Коммуникабельділігі (сұхбаттасуға ашықтығы).
3. Бағалаушылық	Талдау жасау қабілеті.	Жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін талдай білуі. Жеке жауапкершілігі.

Қызығушылық құрамы өзінің шығармашылығын дамыту қызығушылығы мен қажеттілігі болуымен; *әрекетшілдік* – өзін шығармашылық қызметтің субъектісі ретінде тануымен, өзінің жеке-дара ерекшеліктерін және өзін-өзі шығармашылық дамытудың тәсілдерін білуімен; шығармашылық қызметті іске асыру іскерлігімен сипатталады; *бағалаушылық* құрамға рефлексияға қабілеттілігі, яғни жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін талдау қабілеті енеді.

Денгейлер мен көрсеткіштерді айқындауда біз Л.С.Выготскийдің, В.В.Давыдовтың, П.Я.Гальпериннің, Д.Б.Элькониннің еңбектеріне сүйендік.

Төмен деңгей студенттердің өз шығармашылығын дамытуға белгілі бір жағдаяттарда ғана қызығушылық танытуымен, өйткені оларда өздерін

шығармашылықтың кайнар көзі ретінде түйсінудің болмауымен сипатталады. Олардың өз шығармашылығын дамыту тәсілдері туралы түсінігі жоқ. Олар өзін-өзі талдауға қабілетсіз, өз сәтсіздіктері мен жетістіктерін сыртқы жағдайлардың нәтижесі ретінде қарастырады.

Орташа деңгей өзін-өзі тануға деген қызығушылығының тек әуестенушілік деңгейінде ғана танылуымен сипатталады. Олардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз, көбінесе ол төмен. Бұл деңгей студенттердің өзін-өзі дамыту туралы біршама түсінігі бар, кейде оларда рефлексияға қажеттілік туындайды. Сәтсіздіктері мен жетістіктерін жағдайлардың ағымымен байланыстырады.

Жоғары деңгей шығармашылығын дамыту мәселесіне деген жағымды қатынасымен сипатталады. Ол деңгейлер 2 кесте бойынша бағаланады.

Олар рефлексия арқылы өз тұлғасына тұрақты қызығушылық білдіреді, өзін-өзі дамыту тәсілдерімен танысады. Белгілі адамдардың шығармашылық процесіне белсенділігіне қызығушылық танытады. Тапсырмаларды орындауда шығармашылық қызмет түрлеріне басымдық береді.

Шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру процесін осылай ұйымдастыру танымдық процестерді дамытуды, шығармашылықты таныту, танымдық негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Жүйеде көрсетілген шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру процестерін жүзеге асыру үшін, *біріншіден*, мына қағидалар қажет:

- гуманизациялау қағидасы (жоғары оқу орында білім беру процесінің орталығы – студент);
- білім беру процесінің барлық кезеңдерінің жүйелілігі мен бірізділік қағидасы;
- оқытудың дамытушы сипатта болу қағидасы;
- жеке тұлғаға бейімделген бағыттағы дараландыру қағидасы.

Екіншіден, мазмұны бойынша жеке тұлғаға бейімделген бағыты бойынша дамытушы технологиялар.

Үшіншіден, педагогикалық жағдайлар, атап айтқанда, студенттерге жеке тұлға ретінде қарау, олардың жеке тұлғалық дамуын арттыру; білім беру процесінде өзін-өзі айқындау, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін туғызу; қолайлы психологиялық климат жасау; оқуға оң мотивациялық жағдай жасау. Бұл көрсетілген мақсаттарға жету үшін оқыту технологиялары гумандық сипатта болуы тиіс. Оған жоғарыда сараланған интерактивтік модульдік оқыту технологиясын жатқызуға болады.

Педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылығын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттарын айқындау және білім беру мекемесінде осы процесті басқару жөніндегі зерттеуіміздің негізгі мәселелерін іске асыру оқу процесіндегі гуманизациялау жүйесінің үлгісін қолдануға негізделеді. Бұл жүйені қолдану күрделі, өзін-өзі дамытушы жүйе ретінде адамға, оның әрекетшіл-шығармашыл мәніне деген қазіргі ғылыми көзқарастарға сүйенеді. Бұл үлгі оқу қызметінің барлық құрамдарының өзара ықпалдастығына, ынтымақтастығына басты назар аудара отырып, белгілі бір мақсаттарға жету үшін субъектілердің өзара ықпалдастығына бағытталатын педагогикалық жүйенің біртұтастығын қалыптастырады. Студент тұлғасының шығармашылығын жетілдіру үлгісі дамытушылық білім беру ортасында оның шығармашылық қабілетін толық дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, біздің теориялық зерттеулеріміз біздер айқындаған жүйеге сәйкес ұйымдастырылған білім беру процесі оқушыларға өзін-өзі дамытуға, мүмкіндіктерін өз бетінше іске асыруға, дара режимде жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады деп тұжырымдаймыз. Мұндай мақсатқа жетуді мектептегі дамытушылық орта, тиімді технология мен психологиялық жағымды ахуал қамтамасыз етеді демекпіз. Ұсынылған жүйе негізінде жүргізілген тәжірибе қорытындылары келесі тарауда баяндалады.

2 БӨЛІМ. СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ПРОЦЕСІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Студенттердің шығармашылығын дамытуға жоғары оқу орындары жүйесінің әсері

Бұл 2.1 параграфта тәжірибелік-эксперименттік жұмыс негізінде Инновациялық Еуразиялық университетінің педагогикалық мамандық студенттерінің шығармашылығын дамытуға жоғары оқу орының басқарудың әсерін ашып көрсетуге әрекет жасадық.

Оқыту процесін гуманизациялауды жақсартуда білім жүйесін басқару қызметін менеджмент тұрғысынан жетілдіруде жоғары оқу орының тәжірибесіндегі субъектілердің өзара қарым-қатынасын гуманизациялау қағидасына сүйену негізге алынды. Бұл қағида оқытушылар мен жоғары оқу орының әкімшілігінің өзара біріккен және жеке іс-әрекетері деңгейінде қарастырылды.

Эксперименттік жұмыстың мақсаты -- ұсынылып отырған білім беру процесін гуманизациялау арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру тұжырымдамасының тиімділігін тексеру және пәндер сабағында өткізу болды.

Эксперименттік жұмыс барысында біз мынадай үш негізгі бағытты айқындадық.

Бірінші бағыт – білім беру процесін басқару арқылы оқу орны ортасында шығармашылықты дамытуға оңтайлы жағдайлар құру.

Екінші бағыт – оқыту процесіне модульдік интерактивті технологияны қолдану арқылы шығармашылықты дамыту.

Үшінші бағыт – студент тұлғасының шығармашылығын дамытудағы психологиялық-педагогикалық мониторинг рөлін талдау.

Эксперименттік жұмыс бөлігі үш кезеңде өтті:

I кезең – айқындау, педагогикалық тәжірибеде тексерілетін мәселенің жағдайын анықтау;

II кезең – қалыптастыру, білім беру процесінде студенттер шығармашылығын дамыту тұжырымдамасының негізгі ережелерін сынақтан өткізу;

III кезең – қорытынды, алынған сараптама мәліметтерін талдау; сараптама нәтижелері бойынша статистикалық мәліметтер өңдеу; білім беру процесінде студенттер шығармашылығын дамытуды ұйымдастыру жөнінде оқытушыларға әдістемелік нұсқаулар әзірлеу,

Эксперименттік сынақ зерттеу жұмысы бойынша тәжірибелік-бақылау жұмыстары 2008 ж. іске асырылды және барлық педагогикалық мамандығы студенттермен (050103«Педагогика және психология», 050102«Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі», «Шет тілі», 050113 «Биология», 050116 «Жағрафия» мамандықтар) бір мезгілде жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды (2007-2008жж.) жүргізген кезде барлығы 35 студенттер қатыстырылды.

Нақты эксперименттік дәлелдерді Павлодар қаласының Инновациялық Еуразия университеттің «Педагогика» кафедрасының материалдары негізінде келтірілді. Сонымен қатар, бұл эксперимент негізінде алынған нәтижелерді «Педагогика» кафедрасының білім беру жүйесінде қолданып, ол нәтижелерді оқыту процесін гуманизациялауға бағытталған өзге де білім беру мекемелерінің қолдануларына болады.

Біздің зерттеулерімізде П.И.Третьяков жасаған циклдық функциялар қолданылды [106]. Енді оқыту процесін гуманизациялауға бағытталған жоғары оқу орнындағы түрлі функцияларды жүзеге асыру ерекшеліктерін қарастырайық:

Ақпараттық-талдау функциясы оқу-тәрбие процесін бағалауға, оқыту мен тәрбиенің қалыптасқан деңгейін айқындауға, даму тенденциясын, жүйенің өзін-өзі қозғаудағы шынайы мүмкіндігі мен қажеттілігін көруге көмектеседі.

Бұл функцияның міндеті – ұжым жұмысының сипатын жасауда негізге алынған ақпарат жинау мен оны өңдеу.

Талдау әрекетінің формасы мен әдісі оқыту процесінде студенттер шығармашылығын дамытудың проблемасын педагогикалық ұжымда, ғылыми-әдістемелік кеңестерде, кафедраның, шығармашылық топтардың отырысында, педагогикалық консилиумдарда талқылауға негізделген.

Келесі функция мотивациялық-мақсаттық алынды. Мақсатты қалыптастыру процесіне баса назар аударылуы керек. Себебі, анық қойылған мақсат қана нақты әрекеттерді туғызып, дұрыс нәтижелерге жеткізеді.

Эксперименттік жұмыстың мақсаттарын нақтылау педагогикалық кеңестерде, студенттер ұжымында жүзеге асырылып отырылды. Педагогикалық ұжымның мақсат және міндет жүйелері мыналардан құрылды: 1) жоғары оқу орындағы оқыту процесін технологияландыру мақсаттары; 2) жалпы мақсаттардан туындайтын әдістемелік бірлестіктің немесе кафедраның міндеттері; 3) әрбір педагогтың жеке міндеттері.

Біздің алдымызда біз ұсынған «Педагогика» кафедрасының тұжырымдамасымен сәйкес келетін пікірлес ұжым құру мәселесі тұрды. Бұл функцияны жүзеге асыруда мекеме басшылары мақсатының құрылымын, оған жетудің мотивациялық қажеттілігін қамтамасыз етуге және ұжымның интеллектуалдық дайындығына көңіл бөлінді.

Басқару дегеніміз – ЖҰББ (жоспарлау-ұйымдастыру-басқару-бақылау жасау) арқылы мақсатқа жетуге негізделген, мақсатқа бағытталған іс-әрекет.

Қазіргі заманғы білімді басқару, біздің көзқарасымыз бойынша, 3 маңызды қағидамен ерекшеленеді. Біз оны педагогикалық мамандық студенттерінің білім жүйесінде толық ашып көрсете алдық. Бұл мақсатта жоғары оқу орынның материалдық-техникалық базасы, даму болашағы, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері ескерілді.


Жоғары оқу орынның болашақта дамуы мен тәжірибелік эксперименттік жұмысты ұйымдастыру үшін арнайы жағдайлар жасалғандығын педагогикалық-психологиялық диагностиканың нәтижесі көрсетті.


Әрбір атқарылатын жұмыс ұжымда талқыланып, ғылыми тұрғыдан негізделіп, жұмыс бағдарламасына енгізіледі. Әрине, атқарылатын жұмысқа күнделікті бақылау және басқару іс-әрекеті біртұтас және жүйелі жүргізіледі (5 сурет).

Біздер басқару жүйесінің бірінші сатысы ретінде педагогикалық диагностиканы енгіздік. Ол мынадай алгоритмдік жүйеде жүзеге асырылады (6 сурет).


Басқарудың келесі функциясы – жоспарлы-болжау функциясы. Жоспарлы-болжау функциясы міндеттерді нақтылайды, жұмыстың формасы мен әдісін айқындауды көздейді. Жоспарлау және болжау бірнеше деңгейде жүзеге асырылды (әдістемелік бірлестік немесе кафедра, әрбір жеке педагог).

Оқыту іс-әрекетін жоспарлауда оқыту процесінде педагогикалық мамандық студенттердің шығармашылығын дамытуға бағытталған жаңашылдық іс-әрекетті жеке бөліп қарастырдық. Сонымен қатар жаңашылдық іс-әрекет педагогтың жеке пән сабағының жоспарына, пәннің жұмыс бағдарламасына енгізілді.





5 сурет - Жоғары оқу орының басқарудың деңгейлік жүйесі.



6 сурет – Педагогикалық диагностиканың алгоритмі

Осы мәселе бойынша зерттеудің теориялық маңыздылығы мен ғылыми жаңашылдығы - оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған әр түрлі педагогикалық жүйедегі жоғары оқу орының белгілі бір негізгі және жалпы құрамдарын құрауы; кафедра мен студенттің жеке тұлғасының негізгі педагогикалық үйлесімділігінің көрінуі; модульдік оқыту технологияларының нұсқаларын өңдеу; әр түрлі педагогикалық жүйесін құру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты өткізу үшін зерттеуші топтар құрылды.

- 1 топ - теориялық-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.
- 2 топ - мониторингті өңдеу және құру.
- 3 топ - жеке тұлға туралы педагогикалық диагностика әдістемесін өңдеу.
- 4 топ - оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық диагностика әдістемелерін өңдеу.

5 топ - кафедра ұжымы мен студенттің жеке тұлғасының өзара қарым-қатынас процесін басқару алгоритмін құру.

6 топ - топ жетекшісінің іс-әрекет алгоритмін құру.

Бұл ретте педагогикалық іскерлік ойындар, оқытудың белсенді формалары мен жұмыс әдістері қолданылды. Сонан соң белгіленген міндеттердің практикалық шешіміне бағытталған теориялық дайындық әрекеттері іске қосылды. Педагогикалық ұжым оқу процесін гуманизациялау идеясымен терең танысып, алдағы жұмыстардың әдіс-тәсілдерін меңгерді. Ол үшін түрлі тақырып пен мазмұндағы оқу-әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды.

Зерттеу жұмысының дайындық кезеңінде жоғары оқу орынын тұжырымдамасымен танысып, оны жүзеге асырудың практикалық тәсілдерін меңгеріп, оқу процесін гуманизациялауды пән арқылы қамтамасыз етуші тұжырымдамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін іс жүзінде тексердік.

Көрсетілген проблема бойынша алдыңғы қатарлы озық тәжірибелермен таныстырылды.

Екінші кезеңде оқу процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізу бойынша ұжыммен максатты түрде жұмыс жүргізілді.

Басқарудың келесі функциясы – диагностикалық-бақылау. Бұл функция оқу-процесінің барысы мен нәтижелерінің қойылған міндеттерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы оған педагогтардың теориялық, әдістемелік жағынан дайын болуымен тікелей байланысты болды. Сол максатта педагогтар мен әртүрлі білім көтеру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылып отырды. Олар: арнайы курстар, кеңестер, нұсқаулар, баспа материалдарымен қамтамасыз ету т.б.

Бұл экспериментке 35 педагогикалық мамандық студенттері қатыстырылды. Эксперимент 4 кезеңде өткізілді: дайындық, дамытушы, құрастырушы қорытынды.

Дайындық кезеңде жоғары оқу орындарының материалдық жағдайына проблемалық талдау жүргізу, қазіргі жоғары оқу орындарының тенденцияларын айқындап, соның негізінде гумандық педагогика идеяларына сәйкес басым педагогикалық тұжырымдамаларды сараптау, эксперименттің қажетті материалдарын дайындау іске асырылды. Дегенмен педагогикалық ұжым оқыту процесін гуманизациялауға ұмтылғанымен, бұл ұмтылысты жүзеге асырушы факторлар жүйесінің жоқтығы айқындалды. Осыған байланысты біздің тарапымыздан тиісті дайындық шаралары жүргізілді. Интерактивті әдістер негізінде педагогикалық кеңесте және шығармашылық топтарда жұмыстың жаңа формалары мен әдістері талқыланды. Педагогтар мен студенттер үшін сауалнамалар, түрлі тесттер дайындалды, сабақтар мен іс-шаралардың аспектілік талдаулары жасалып, тандалды.

Біз әдістемелік бірлестік бекіткен базистік оқу жоспарын талдап, онда шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға қажет едәуір мүмкіндіктер бар

екенін анықтадық, өйткені онда барлық педагогикалық мамандықтарға (академиялық дәрежесі бакалавр) арналған арнайы компонент пәндерді, сонымен қатар студенттердің тандауы бойынша пәндерді (педагогиканың жалпы негіздері, педагогика мамандығына кіріспе, педагогика тарихы, тәрбие теориясы, өзін-өзі тану) тереңдете оқытуға бағытталған бірқатар шаралар кешені қарастырылған.

Базистік оқу жоспары мен психологиялық-педагогикалық зерттеу мәліметтерінің талдауына сүйене отырып, оқытудың теориялық негізінде шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкіндіктері бар деген қорытындыға келдік.

Студенттердің шығармашылығын дамытудың шынайы жағдайын айқындау үшін кафедраның жұмыс тәжірибесінде оқытушыларға сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелердің талдауы кафедра оқытушылардың студент тұлғасының шығармашылығын қалыптастыру әдістемесін меңгеру дәрежесі төмен екенін көрсетті. Оқытушылар оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру әдістерінің қатарына проблемалық мәселелерді, шығармашылық талсырмаларды, студенттердің қажеттіліктері мен мүдделерін есепке алу мақсатындағы жеке жұмыс істеуді жатқызуға болады деп көрсетеді. Бірақ сабақта топтық жұмысты ұйымдастыруды, пікірталас және де басқа тек интеллектіні дамытуға ғана емес, эмоциялық-ерік аясын жандандыруға да бағытталған әдістер сирек аталды.

Екінші кезеңде оқу процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізу бойынша оқытушылардың педагогикалық шеберлік деңгейінің бастапқы күйін, өзара қатынастарды гуманизациялаудың бастапқы деңгейін анықтау, студенттердің шығармашылық потенциалын дамыту жүзеге асырылды.

Сонымен, сауалнама материалдарының талдауы көрсеткендей, оқытушылар негізінен қазіргі білім берудің басты міндеттері қатарына студентті шығармашылық дамыту процесін қамтамасыз ету міндетін атап көрсетті, алайда шығармашылықты дамытуға қажетті психологиялық-

педагогикалық жағдайлар туғызу әдістемесін нашар менгергені байқалды. Яғни, қазіргі кафедра жұмыс тәжірибесінің талдауы қоғамды шығармашылық дамыту мәселесінің өзектілігін дәлелдеді.

Сауалнама мәліметтері студенттердің көпшілігінің өз шығармашылық мүмкіндіктерін ашу деңгейі төмен екенін көрсетті. Біршама студенттердің өзін-өзі бағалауы төмен. Студенттердің көпшілігі (50%-ы) өздерінің шығармашылығын дамытудағы басты рөл өздерінде, 30%-ы – оқытушыларда деп есептейді. Студенттердің басым бөлігін (20%) шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру бағытындағы мектептің оқу-ұйымдастырушылық қызметі қанағаттандырмайды.

Қазіргі педагогикалық практикада шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелерін зерделеуді және оларды терең түйсінуді біз шығармашыл жеке тұлғаны тиімді қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған педагогикалық өзара ықпалдастық әрекеттердің түрлі формаларын даярлап, оларды іс жүзінде сынақтан өткізу арқылы іске асырдық.

Диагностика нәтижелері аталған мәселені шешудің тиімді жолдары мен құралдарын анықтау, оларды қорыту және білім беру процесінде шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің үлгісін жасау, оны тәжірибеге ендіру, ұсынылған нұсқаның тиімділігіне көз жеткізу қажеттілігін айқындады.

Оқу жоспарының базистік құрылысы мемлекеттің, аймақтың және жеке тұлғаның қызығушылығына сәйкестендіріледі, яғни, білім берудің мазмұны негізгі екі бөліктен құралады: инварианттық және вариативтік.

Инварианттық бөлігі білім берудің барлық жоғары оқу орындарында бірдей міндетті құрамдарын қарастырады. Ол кафедра–зертхана үшін де негізгі және міндетті болып табылады.

Кафедраның жағдайына, жоспардың вариативтік бөлігін қолдану кафедра–шығармашылық зертханада негізгі базалық пәндерді нормадан жоғары менгеруге жағдай туғызатын дәстүрсіз балама курстарды құруға

(жаңа жағдайда білімін қолдану білу шеберлік деңгейінде) және оқу–тәрбие процесінде студенттің жеке тұлғасын дамытуға жағдай туғызады (гуманитарлық-эстетикалық бағыттағы пәндерді таңдау).

Кафедра–шығармашылық зертхананың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оқу–тәрбие процесі жүйелі оқыту негізінде құрылады (құрылған эксперименттік бағдарламаға сәйкес).


Оқу–тәрбие процесінде мынадай операциялар жүзеге асырылады:

–Оқытушының талап қою деңгейіне сәйкес студенттердің білімін жан–жақты бағалауды ескере отырып, жүйелік оқыту технологиясының қазақстандық модификацияланған нұсқасын құрастыру (карапайым еске түсіруден білімін басқа салаға ауыстыруға, студенттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға дейінгі). Берілген оқу модульдерінің құрылымы оқу процесін технологизациялауға негізделген, оқу–тәрбие процесінің нәтижелілігіне кепілдік береді, әрбір студенттің толық орта білім алуына, кейбір пәндерді жоғары деңгейде меңгеруіне және студенттердің жекелеген пәндер бойынша ғылыми–зерттеу жұмыстарымен айналысуларына жағдай туғызады;

–оқу–тәрбие процесінің нәтижелерін педагогикалық диагностика арқылы жүйеге келтіру;

–оқу–тәрбие процесінде студенттің жеке тұлғасының дамуын зерттеу мақсатында студенттің жеке тұлғасын тұтастай жан–жақты зертеуді ұйымдастыру (таным процесінің ерекшеліктері мен жеке тұлғаның негізгі қасиеттері);

–жеке тұлғаның рухани және эстетикалық дамуына бағытталған оқушылардың іс-әрекетінің жүйесін құру (қосымша қызмет көрсету арқылы)



7 сурет- Шығармашылық зертханада жүргізілетін жұмыстардың оқу-әдістемелік жүйесінің құрылымы

Ғылыми-шығармашылық зертхана іс-әрекетінің негізі былайша болжанды:

а) әртүрлі пәндер бойынша оқытудың мазмұнымен қатар мақсатына да өзгерістер енгізіп, қазіргі заманғы оқыту технологиясын құру және жаңа әдістемелік және оқыту құралдарын, оқулықтар дайындау;

ә) оқытушылардың жеке тұлғаның қасиеттері мен таным процестерін дамытуға бағытталған, жоғары білім деңгейін қамтамасыз ететін бейімделген, модификацияланған оқыту технологиясын меңгерту;

б) білім берудің максатын өзгерту – «білім, іскерлік, дағды» парадигмасынан оқу–тәрбие процесінде студенттің жеке тұлғасын дамыту мақсатына көшу;

г) педагогикалық мамандық студент жеке тұлғасының рухани дамуына бағытталған біртұтас білім беру жүйесін құру.

Барлық педагогтар уақыт талабына сай оқыту процесінде жаңашылдықпен жұмыс жүргізу қажеттігін атап көрсеткен. Мұның барлығы педагогтардың студенттердің жеке тұлғасының әлеуметтік ортаға бейімделуін дамыту бойынша біліктіліктерінің жетіспейтіндігінің куәсі деуге болады. Жалпы осы және өзге зерттеулердің негізінде педагогтардың кәсіби шеберліктерінің 6 деңгейі (Плахов бойынша) бөлініп көрсетілді.

I деңгей - Әдістемелік дайындығы нашар

II деңгей - Дәстүрлі оқулықтар мен бағдарламаларды қолдануда тұрақты нәтижесі бар

III деңгей - Оқу сабақтарының жаңа түрлерін дайындау


IV деңгей - Білім берудің мазмұнын біртіндеп өзгерту арқылы әдістемелік өңдеу

V деңгей - Пәннің идеологиясын өзгертпей, курстың мазмұнына өзгерістер енгізу

VI деңгей - Бөлімдердің максатын және мағынасын өзгерту арқылы авторлық курстар құру.

Плахов жүйесіндегі деңгейі - педагогтың даму баспалдағын, ал әрекеті - басшы үшін оның бағалау көрсеткішін білдіреді.

Эксперимент басында студенттердің деңгейлер бойынша бөлінуі былай болды (8 сурет): 2007-2008 оқу жылы: 0 деңгей – 2%; 1 деңгей – 8%; 2 деңгей – 16%; 3 деңгей – 32%; 4 деңгей – 2%; 5 деңгей – 0%



			1 деңгей	2 деңгей		
	0 деңгей					
2007-2008	2%	48%	16%	32%	2%	-

8 сурет -- Студенттердің шығармашылық деңгейлері.

Зерттеу жұмысы барысында студенттердің біліктілігін тұрақты арттыру, жеке жұмыс жасау, өз бетінше білім алуға бағыттау нәтижесінде педагог кадрлардың білім деңгейі де біршама көтерілді.

Осы кезеңде студенттердің іске асырылған жеке-дара қасиеттерінің дамуын зерттеу студенттердің білім сапасының едәуір артқанын көрсетті. Студенттердің интеллектуалдық қызметі шығармашылық сипатта екенін байқауға болады, олар студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, олимпиадаларда жеңіске жетуде, пән бойынша тестілегенде (МAB) едәуір жоғары нәтижелерге ие болды.

Сонымен, зерттеулер ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет үлгісін жасауда оқу процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізуді ғылыми негіздеуге болатынын көрсетті. Алынған мәліметтер динамикасы, оларды көпшілік тәжірибемен салыстыру оқыту процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізудің тиімділігі жөніндегі қызметтің нақты жағымды нәтижелеріне дәлел болды.

Міне, осыдан кейін педагогтардың студенттің шығармашылығын дамыту үшін, қызығушылығын, жеке тұлғалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдай туғызу қажеттігіне баса назар аударылып, арнайы әдістемелік оқыту семинарлары, іс-тәжірибе алмасу, дөңгелек үстелдер өткізіліп, оның нәтижелері, яғни, тиімділігі мен кемшілігі талданды, жаңаша толықтырулар енгізілді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, осы параграф бойынша төмендегідей түйін жасаймыз.

Оқу процесіне интерактивтік модульдік оқыту технологиясын енгізу арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың тәжірибелік-сараптамалық зерттеуіне мыналар негіз болды: көпшілік тәжірибесін талдау, сараптамалық білім беру практикасы мен мұғалімдерді даярлау процесіне студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру тұжырымдамасын ендіру, т.с.с.

Студенттермен жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, сұралғандардың көпшілігі шығармашылық қуатын дамытудың маңызын түсінеді, алайда оларды шығармашылық қабілетті қалыптастыру шеңберінде жоғары оқу орында оқыту процесінің ұйымдастыру деңгейі толық қанағаттандырмайтындығын аңғартты.

2.2 Интерактивтік модульдік оқыту технологиясы негізінде студенттердің шығармашылығын дамытудың тәсілдері

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғылыми-коммуникациялық желілерге шығу екендігі ерекше атап көрсетілген.

Біз білім беру ортасын дамытушы білім кеңістігіне түрлендіру (айналдыру) бойынша сараптамалық жұмысқа кірісерде, егер оқыту процесі жеке тұлғаның шығармашылық даму қажеттілігіне бағыттталып, соның негізінде дамытушы білім кеңістігі құрылса, ол студент шығармашылығын дамытудың аса тиімді құралы бола алатынын есепке алдық. Мұндай жағдайлардың ұштастырылуы шығармашылық қабілетті қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Біздің пікірімізше, сараптамалық құрылым жасауды білім беру процесін технологиялық тұрғыдан жетілдіру (оқу-танымдық және ізденімпаздық қызметті ұйымдастырудың бірыңғай технологиялық тәсілі негізінде) арқылы оның функциялары мен мазмұнын байытудан және оған жағымды психологиялық ахуал жасаудан бастаған орынды деп таптық.

Жоғары оқу орындағы студенттің шығармашылығын дамытуға арналған тәжірибе-эксперименттік жұмысымыздың нәтижелеріне сүйенсек, мынадай көрсеткіштерге қол жеткізгенімізді байқауға болады (3 кесте).

3 кесте - оқыту процесінде студенттердің шығармашылығын дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымыздың нәтижелері

Экспе-римент кезеңдері	Терендетілген пәндер			Модульдік оқыту технологиясы			Денг. сарал. оқыту технологиясы		
	Эксп. камт. студ. саны	Білім сапасы		Эксп. камт. студ. саны	Білім сапасы		Эксп. камт. студ. саны	Білім сапасы	
		эксп	бақыл		эксп	бақыл		эксп	бақыл
2007-2008	35	77	58	35	68	64	-	-	-
2008-2009	35	85	61	35	73	64	35	58	75

Осы жағдайлар жеке тұлғаға бағдарланған интерактивтік модульдік оқыту технологиясы бойынша лекциялар, болашақ мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау бойынша ғылыми-практикалық семинар, оқыту әдістерін зерделеу, оқу процесінің нәтижелерін диагностикалау бойынша психологиялық-педагогикалық практикум ұйымдастыруды қажет етті.

Педагогтардың теориялық даярлығын ұйымдастыра отырып, біз талқылау тақырыбына мұғалім функциясын бірқатар өзгерту мәселесін ұсындық. Оларды өзгертудің қажеттілігі мұғалімнің жай ғана білімді жеткізушіден, біртіндеп кеңес берушіге, «фасилитаторға» айналып, тұлғаны дамыту құралдары мен жағдайларының жобалаушысы әрі құрастырушысы бола бастауында екеніне көздерін жеткізуге басты назар аудардық.

Қазіргі білім беру процесінің жаңартылған мынадай қағидаларын басшылыққа алдық:

- студенттердің өзінің жеке қызығушылығын арттыру;
- оқытушымен біріге отырып, оқу мақсаттарын таңдай білуге үйрету;
- студенттердің өзін-өзі тануға және өзінің қажеттілігін жүзеге асыруға құлшынысын ояту;
- оқыту процесінің гумандылық бағытын педагогтың ұстана білуі;
- студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту.

Зерттеу барысында біз бұл аспектілерді жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады деген қорытындыға келдік.

Бұл технология студенттің шығармашылығын дамытудың шешуші факторларының бірі – педагогтың: оның жеке тұлғасының, студентке қатынасының, студентпен өзара қарым-қатынас ұйымдастырудағы іс-әрекетінің, оның шығармашылығын, өзін-өзі жүзеге асыра білу мүмкіндіктерінің гумандылық бағыт алуын камтамасыз етуіне байланысты екендігі байқалды.

Зерттеуіміздің барысында өзіміз қолданған әрі өз жетекшілігімізбен жүзеге асырған модульдік оқыту технологиясына ерекше мән бергіміз келеді.

Біздің пікірімізше, интерактивтік модульдік оқытудың құнды жақтары:

- оқыту мақсаттары қол жеткізген нәтижемен тура келеді;
- оқу ақпараты жинақталып, блоктармен беріледі;
- оқу қызметінің әркімнің өзіне тән жеке жылдамдығы белгіленеді;
- білім мен біліктілік әрекеттер кезен-кезеңмен қадағаланады;
- белгілі бір шамада оқытуды жаңаша «технологияландыруға» қол жеткізіледі.

Сараптамалық жұмыстарымыз көрсеткендей, интерактивтік модульдік оқытудың жоғары тиімділігіне қол жеткізудің мынадай дидактикалық шарттарын ескеру қажет:

5 Студенттердің қызығушылығын, жас ерекшеліктерін және басқа да жеке тұлғалық қасиеттерін есепке алып, модульдерді сапалы даярлау, оқу материалының мазмұнын іріктеп, құру.

6 Оқыту қызметінің барлық кезеңдерінде оны күшейтуге, қарқындатуға мүмкіндік беретін модульдерді бірізділікпен жүзеге асыру.

7 Іскерлік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру.

8 Қосымша әдебиетті тиімді қолдану.

9 Бақылауды оқушылардың өзін-өзі бақылауымен ұштастыру.

Ол үшін төмендегідей бірқатар ережелерді қолдану ұсынылды:

--әрбір модульдің алдында жаңа модульмен жұмыс істеуге даярлығы деңгейін анықтау үшін студенттердің білімі мен біліктеріне бастапқы бақылау жүргізу;

--әрбір оқу бөлігінің соңында міндетті түрде ағымды және аралық бақылау жүргізу (өзара бақылау, өзін-өзі бақылау, жауап үлгісі бойынша тексеру);

--модуль аяқталған соң, тұтас модульдің меңгерілу деңгейін көрсететін соңғы бақылау жүргізу.

Сөйтіп, әрбір оқушы мұғаліммен бірге оқуды басқара алады. Оқу процесін саралау да маңызды талаптардың бірі. Біз өз қорытындыларымызда тәжірибелік жұмыстың байқау нәтижелеріне сүйенеміз. Шынымен де, модульдік оқытуда әрбір оқушы белсенді де тиімді оқу-танымдық қызметке тартылады, мазмұны сараланған бағдарламамен жұмыс істейді. Бұл жерде дараланған бақылау, өзін-өзі бақылау, түзету, кеңес беру әрекеттері атқарылады. Сараптамалық тәжірибе көрсеткендей, бұл жүйе әрбір оқушының білім беру стандартын меңгеруіне ғана емес, оқытудың шығармашылық деңгейіне көтерілуіне де кепілдік береді.

Студенттердің шығармашылығын дамыту үшін шығармашылық қызметтің мотивациясын дамытудағы барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет. Сабақты жүргізу үшін проблемалық және ойландыратын тапсырмалар мен мәтіндерді дайындаудың да маңызы бар. Көрнекті құралдарды және жабдықтарды қолдануды жоспарлай отырып та студенттер үшін шығармашылық тапсырмалар мен сұрақтарды да дайындау қажет.

Кез келген пәнге байланысты студенттердің шығармашылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар:

Жеке-топтық жұмыс формасы

Құрал-жабдығы:

1. Бағалау парағы.
2. Үш күрделілік деңгейіндегі тапсырмалар бар парак.
3. Жауап үлгілері.

Студенттер өз даярлық деңгейіне қарай тапсырмалар тандай алады. Әр студенттің алдында үстелде барлық үш күрделілік деңгейіндегі сұрақтары бар парактар жатыр.

Студенттер деңгейді тандайды:

III деңгей - тақырып бойынша алынған ақпаратты қолданып, жеткізе білуді талап етеді.

II деңгей - материалды талдай білуін талап етеді.

I деңгей - (күрделі деңгей) шығармашылық сипаттағы тапсырмалардан тұрады, мұнда студенттер ақпаратты бағалап, ол туралы өз пікірін білдіріп, оны негіздеп, дәлелдей білуі тиіс.

Жауаптар әр деңгейдің ішінде бес балдық жүйемен бағаланады. Студенттерге өздеріне тиісті деңгейді таңдап алуға 2 минут уақыт беріледі.

I деңгейді таңдап алған балалар бөлек отырады. Әрбір сұраққа дайындалу үшін уақыт 5-7 мин. беріледі. Студенттер жұп-жұбымен отырады.

III-II деңгей тапсырмаларын таңдап алғандар бір-біріне сұрақ бойынша жауап береді. Сосын мұғалімнен жауап үлгілерін алып, сыныптастарының жауабын салыстырады да, бағалау парағына бір-біріне баға қояды.

Педагог дайындық барысында студенттерге көмек бере алады. I күрделілік деңгейінің тапсырмасын алған студенттердің жауабын педагог өзі тексеріп, бағалайды.

Бұдан әрі 2, 3 сұрақтардың жауаптары да осы үлгімен дайындалады. Жұмыс аяқталған соң, II және III деңгей тапсырмаларымен жұмыс істеген оқушылар әр сұраққа қойылған бағалары негізінде өз топ студентіне бір ортақ баға шығарып, оны да бағалау парағына енгізіп, мұғалімге өткізеді.

I деңгей тапсырмаларымен жұмыс істеген студенттердің бағалау парағын мұғалім өзі толтырады.

Оқулықтан деңгейлік тапсырмаларға бөлінген тақырыптар беріледі. Оқулықтағы сурет бойынша тақырыпқа байланысты әңгіме құрастырылады.

Студенттер өз қалауы бойынша тапсырманы таңдайды. I-ші, II-ші, III-ші деңгейдегі өз үстелдеріне отырады.

I-ші деңгейдегі тапсырманы орындаған студенттер оқытушыға жауап береді. Бағаланады. I-ші деңгейдегі тапсырманы орындаған студенттер II-ші; III-ші деңгейдегі тапсырманы таңдап алған студенттердің үстеліне отырып, жауаптарын тыңдайды, бағалайды.

III-ші деңгейдегі тапсырманы орындаған студенттер келесі үстелге көшіп, II-ші деңгейдегі тапсырмаға жауап береді, бағаланады.

II-ші деңгейдегі тапсырманы орындаған оқушылар I-ші деңгейлік үстелге көшеді, өз қалауы бойынша керісінше, егер II-ші деңгейдегі тапсырманы орындай алмаса, III –ші деңгейлік үстелге ауысады.

Интерактивтік тәсілді пайдалана отырып жүргізілген жұмыста ұйымшылдық, келісушілікпен бірге жұп, топ алдында екі бірдей міндет тұрады: оның бірі – танымдық, шығармашылық мақсатқа қол жеткізу болса, екіншісі – әлеуметтік-психологиялық міндет, яғни тілдік қарым-қатынастың мәдениетін сақтауға үйрету. Бұл әлеуметтік қарым-қатынасты көздейді. Оның негізінде студенттер түрлі әлеуметтік рөлдерді атқарады: зерттеуші, сыншы, қорғаушы, бақылаушы, тексеруші және т.с.с.

Сонымен, диалогтық бөлімде интерактивтік тәсілді қолдану мынадай ерекшеліктерімен маңызды болып табылады:

- оқыту процесінде барлық оқушының белсенділігін арттырады;
- оқу процесін әртүрлі формада құрастыруға мүмкіндік туғызады (жеке, жұптық, топтық және ұжымдық);
- мұғалімге жұпты немесе топты, ондағы әрбір студентті бір уақытта бақылай алуға мүмкіндік береді;
- студенттерді жеке, жұппен, топпен жұмыс жасауда өз бетінше әрекет етуге үйретеді;
- әрбір студенттің жауапкершілігін арттырады;
- студенттердің коммуникативтік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырады;
- студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырады. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер диалог бөлімінің барлық сабақтарында студенттердің бір-біріне көмегі, оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің білімін ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Модульдің қорытынды бөлімі тақырыпты немесе тарауды түгелдей оқу циклының соңғы қорытындылаушысы болып табылады. Бұл диалогтық бөлімде студенттердің меңгерген білімін, іскерлігі мен дағдысын тексеруге

және бағалауға, танымдық іс-әрекет процесінде олардың қалыптасуын тексеруге арналған.

Сонымен қатар, оқу модулінің диалог (даярлық) бөлімін құруда оқу материалының өсу бағытымен жеңілден күрделіге қарай яғни, жүйелі түрде шығармашылық тапсырмалардың берілуі оқушы тұлғасын дамытуға жағымды ықпал ететініне зерттеу нәтижелері мен эксперименттік жұмыс қорытындысы көз жеткізді (4 кесте).

4 кесте –студенттердің интерактивтік модульдік оқыту технологиясы бойынша оқытылу деңгейі (В.П.Симонов бойынша)

Көрсеткіштері	III деңгей		II деңгей		I деңгей	
	саны	%	саны	%	саны	%
1	4	5	6	7	8	9
1. Деңгейді тандағандардың саны және % көрсеткіші	35	18	35	50	35	32
2. «5», «4», «3» алған студенттердің саны	«5»-12	34	«5»-12	34	«5»-17	48
	«4»- 7	20	«4»- 10	28	«4»-13	37
	«3»- 16	45	«3»- 13	37	«3»-5	14
3. Тапсырманы орындағандардың саны мен %	35	20	35	20	35	28
4. Білім сапасы (% есебінен)		100		79		71
5. Үлгерімі (% есебінен)		100		100		100
6. Студенттердің оқытылу деңгейі (% есебінен)		0,29		0,61		0,78

Сараптама жүргізілген сыныптардағы тәжірибелік жұмыстың мазмұны студенттердің жас мәлшері мен сараптамашы педагогтардың мұғалімдік мамандығына қарай түрлендірілді. Сонымен қатар студенттердің оқытылу деңгейі В.П.Симоновтың бағалау жүйесі бойынша мынадай формуламен анықталды:

$$ООД_I = K_1 + 0,64 K_2 + 0,36 K_3 / K_I$$

$$ООД_{II} = 0,64 K_1 + 0,36 K_2 + 0,16 K_3 / K_{II}$$

$$ООД_{III} = 0,36 K_1 + 0,16 K_2 + 0,04 K_3 / K_{III}$$

Мұндағы, K_I - «5» алған студенттер саны;

K_2 - «4» алған студенттер саны;

K_3 - «3» алған студенттер саны.

Ал, K_I - I деңгейдің тапсырмасын орындаған студенттердің саны;

K_{II} - II деңгейдің тапсырмасын орындаған студенттердің саны;

K_{III} - III деңгейдің тапсырмасын орындаған студенттердің саны.

Технологиялық тәсіл оқу процесіне қажетті жағдайлар мен құралдарды қамтамасыз етуді көздеді. Бұл - студенттерді шығармашылық өзін-өзі дамыту және осы шығармашылық өзін-өзі дамыту процесін өз бетімен жүргізу іскерлігі мен дағдыларына үйрету. Технология қажетті психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

--педагогтың ізгілікті бағытталуы;

--оқыту барысында еркін қатысым жасау және шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағымды психологиялық ахуал туғызу;

--студенттердің жеке ерекшеліктерін есепке алу.

Модульдік оқыту негізіне П.Я.Гальпериннің тұжырымдамасы, оның ақыл-ой әрекетін кезең-кезеңмен біртіндеп қалыптастыру теориясы алынған. Бұл теорияның негізінде отандық психологияның іргелі қағидасы – психикалық жаңа түзілімдер процесінің әрекеттілік тәсілі, адам психикасы мен іс-әрекетінің бірлігін тану жатыр.

Оқу модулі – оқу ақпаратының біршама дербес блогы, оған оқу мақсаттары мен міндеттері, әдістемелік нұсқаулар, шамамен алғандағы іс-әрекеттер негізі, оқу қызметін атқару жетістігін бақылау (өзін-өзі бақылау) құралдары енеді. Модульдік оқытудың мәнін неғұрлым тереңірек түсіну үшін оның қағидаларына кеңінен тоқталу қажет.

В.М.Монахов технологиясының негізгі қағидалары:

- мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне сенім білдіру;
- оқушы жұмысының физиологиялық-гигиеналық нормаларын міндетті түрде сақтау;
- оқу процесінің кез келген бөлігінде оқушылардың міндетті дайындығына кепілдік беру;
- оқушы мен мұғалімге жайлы жағдай жасау.

Бұл технологияны ендіру екі кезеңмен өтеді:

1. Жобалау кезеңі.
2. Жобаны оқу процесінде жүзеге асыру кезеңі.

Жобалау кезеңі оқыту жетістігін қамтамасыз ететін технологиялық карта құруды меңгертуге негізделген. Атап айтқанда, бұл:

- мақсат қою;
- диагностика;
- үй тапсырмасын мөлшерлеу;
- жобаның қисынды құрылымын жасау;
- түзету.

Мысалға, П.А.Юцявичене модульдік оқыту идеясын жасау негізінде төмендегідей дидактикалық қағидалар жатыр деп есептейді:

- модульдік;
- оқыту мазмұнын оқшау элементтерге құрылымдау;
- әрекетшілдік;
- шапшандық;
- икемділік;

- болашағын түйсіну;
- тепе-теңдік.

Модульдік қағида - оқытуды ұйымдастырудың барша тәсілін: оқыту мақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін іріктеуді анықтайтын басты қағида.

Модульдік қағиданы жүзеге асыру оқушылардың өз бетімен дербес жұмыс істеуін талап етеді. Сонымен қатар оқушылардың оқу модульдерімен өзіндік жұмысы оқу қызметінің негізгі түріне айналады.

Тепе-теңдік қағидасы туралы да бір ауыз сөз айта кету қажет. Бұл қағида төмендегідей ережелердің сақталуын талап етеді:

- модульдік бағдарлама мұғалімді оқытудың акпараттық функциясынан босатып, кеңес берушілік-үйлестірушілік функцияларын атқаруына жағдай жасайды;
- модульдік бағдарлама педагог пен оқушының бірлесе отырып, тиімді оқыту жолдарын таңдап алуына жағдай жасауы тиіс;
- педагог модульдік бағдарламаны педагогикалық басқарудың кейбір функцияларын өз міндетіне алады, сонда бұл функциялар өзін-өзі басқару функциясына ауысады.

Сараптамалық сыныптарда тәжірибелік жұмыстың басында және соңында әдістемелер кешенін пайдалана отырып, диагностикалық байқаулар жүргізілді. Қорытындысында алынған нәтижелер оқушылардың шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруы туралы мәліметтермен сатыстырылды.

Тәжірибелік-сараптамалық зерттеу барысындағы өзгерістер туралы мәліметтер алу үшін және оларды талдау мақсатында сараптамалық жұмыстың тиімділігі жайлы дұрыс акпарат алуға мүмкіндік беретін өлшемдер мен көрсеткіштерді таңдау қажет болды.

Өлшем деп біз “бағалау белгісін, тексеру құралын, өлшемін” түсінеміз. Көрсеткіштер – сапалық белгілер, оларға қарап қандай да бір өлшемнің дәрежесін бағалауға болады.

Өлшемдерді айқындау процесінде біз оларды анықтап, негіздеудің педагогикада мынадай белгілі талаптарын ескердік:

- өлшемнің көмегімен зерттелуші құбылыстың барлық құрамдары арасында байланыс орнатылды;
- сапалық көрсеткіштер мөлшерлік көрсеткіштермен бірлікте қолданылды;
- өлшемдер көрсеткіштер арқылы ашылды.

Тәжірибелік-сараптамалық жұмыста диагностиканың үш бағытын айқындап, өлшемдер қатарына қосу қажет болды: 1) студенттерді шығармашылықпен өзін-өзі дамытудың неғұрлым жоғары деңгейіне жеткізу; 2) дамытушылық білім беру процесін қалыптастыру; 3) студенттердің шығармашылығын ашу дәрежесі.

Жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту мәселесі бойынша қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау негізінде біз студенттер шығармашылығын қалыптастырудың құрылымдық-компоненттік құрамын анықтадық.

Қорытынды кезеңдегі диагностиканың қорыту мәліметтері интерактивтік модульдік оқыту технологиясы бойынша мақсатты түрде бағытталған жұмыс нәтижесінде сараптамалық топтарда студенттердің жетістікке жетуге деген қызығушылығы едәуір артқанын, өзінің қалыптасуына күдікпен қарайтын алаңдаушылықтың төмендегенін растайды (20%-ға төмендеген), ал бақылаушы топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады (4%-ға артқан).

Жалпы алғанда, осы өткізілген диагностика мен алынған нәтижелердің талдауы сараптамалық топтардағы оқушылар шығармашылығының дамуы бақылаушы топтардағыға қарағанда көрсеткіштердің неғұрлым динамикалық өсуіне әкелетінін дәлелдеді.

Бұл параграф бойынша мынадай жинақталған қорытынды жасауға болады:

Зерттеу қисындылығы мен міндеттеріне сәйкес интерактивтік модульдік оқыту технологиясы негізінде студенттердің шығармашылығын дамыту жөніндегі сараптама оның тиімділігін көрсететін қорытындылардың нақты

шындығы мен әділдігін арттыру мақсатында әртүрлі жас топтарында және әртүрлі оқу пәндерінің материалында бір мезгілде және өзара келісілген бірқатар сараптамалар ретінде жүргізілді.

Интерактивтік модульдік оқыту технологиясын қолдану білім беру процесінде студенттің шығармашылығын дамытуды қалыптастырады, оның мәні төмендегідей:

- студенттер өзін-өзі шығармашылықпен дамытуды қалыптастырудың неғұрлым жоғары деңгейіне өтеді;
- дамытушылық білім беру кеңістігінің басты сипаттамасы ретінде психологиялық ахуалдың динамикасы.

Сараптама қорытындысы бойынша студенттердің шығармашылығын дамыту динамикасы жалпы алғанда біз әзірлеген білім беру процесінде студенттер шығармашылығын дамытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің нәтижелі екенін растайды, мұны сараптама мәліметтері көрсетіп отыр: сараптамалық топтарда жоғары динамика байқалады.

Алынған сараптамалық нәтижелер бақылау топтарындағыға қарағанда сараптама жағдайындағы студенттердің шығармашылық қабілет-қуатын дамыту жеке тұлғаның шығармашылығының дамығандығы және оның белсенді түрде өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруы туралы көрсеткіштердің анағұрлым динамикалық өсуіне жағдай жасады деген қорытындыға келуге мүмкіндік берді.

2.3 Тәжірибелік –эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Бұл параграфта тәжірибе жұмыстары барысында алынған психологиялық климат диагностикасының мәліметтері берілген. Уақытылы түзетулер енгізу, тұжырымдардың сенімділігі мен объективтілігін арттыру үшін бірнеше эксперименттік тексеру жүргізілді. Жоғары оқу орындарда педагогикалық-психологиялық қызметі шеңберінде студенттермен, оқытушылармен жұмыс жүргізудің барлық жүйесін құру үшін мынадай бағыттар айқындалды:

көз жеткізу; жеке тәрбие, білім берудің біртұтас бағдарламасын жоспарлау және оны жүзеге асыру үшін міндеттер мен жауапкершілік функциясын айқындап бөлу;

педагогикалық-психологиялық консилиумның нәтижелері негізінде студенттер уақыт алуды қарастыратын студент пен педагогтың тұлғалық қасиеттерін зерттеуші диагностикалық әдістемелер дайындау және де бұл әдістеме талдауға қарапайым және түсінікті болуы керек. Оның нәтижелері педагогикалық тілге оралымды жеңіл болу керек;

студенттерді бағдарлы шығармашылық дамытуға әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасауға бағытталған арнайы дамытушылық жұмыстар өткізілді;

жеке тұлғаны зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасау;

студенттердің шығармашылық дамуы мен табысты білім алуына мүдделі педагогтар, психологтар және өзге де оқу-тәрбие субъектілерінің күшін біріктіруші педагогикалық-психологиялық консилиум ұйымдастырып, ол үшін нұсқаулар дайындау.

Зерттеу шеңберінде кеңес беруді педагогтың студенттермен жеке жұмыс істеуіндегі функционалды түрі деп қарастырып, соның аясында мына міндеттерді шешуге болады деген тұжырымға келдік:

оқуда және қарым-қатынас жасауда қиындық көріп жүрген жасөспірімдерге көмек көрсету;

өзін-өзі тану, өз мүмкіндігін ашу және өзінің іс-әрекетін талдау, табысты оқуы мен дамуына әсер етуші фактор ретінде өзінің психологиялық ерекшеліктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Студенттердың жеке ерекшеліктерін ескеру мәселелері аса күрделі. Студенттерді интеллектуалдық және тұлғалық дамытудың жеке жолдарын анықтап алу жоғары оқу орындағы оқу процесі тиімділігін арттырудың басты шарттарының бірі болып табылады. Тұлға қабілеттерін дамыту мен жеке тұлғаны дамыту - өзара тығыз байланыстағы процестер.

Студенттерге кеңес беру бағытталған практикалық жұмыстың маңызды түрі болып табылады. Кеңес берудің әртүрлі мағынасы бар. Студенттің кәсіби немесе жеке тұлғалық өзін-өзі айқындау проблемаларын айту, олардың қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының түрлі қырлары туралы әңгімелесу («Өзін-өзі тану» пәні). Біздің жағдайымызда кеңес беру көбіне студенттің сұранысы бойынша ұйымдастырылды. Бірақ, педагогтың студенттің тарапынан ешқандай белгі болмай-ақ өз әрекетін жасаған жағдайлар да кездесті. Педагогикалық ұжым мен ағарту-топтық консультациялық жұмыс жүргізу мақсатымен мына шаралар өткізілді:

- 2 ағартушылық бағыттағы семинарларда пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерін нақты жастағы оқушылардың психологиялық дамуының негізгі заңдылықтарымен және ерекшеліктерімен таныстыру;
- 3 пән мұғалімдері үшін әдістемелік бағыттағы семинарлар. Бұл семинарлардың мақсаты -- мұғалімдерді оқушыларға тиімді білім берудің негізгі психологиялық талаптарымен және мүмкіндіктерімен таныстыру, негізгі бағыт бұл жерде шығармашылықты қалыптастыру;
- 4 әдістемелік бағыттағы сынып жетекшілеріне арналған семинарлар. Негізгі мақсаты – мұғалімдерді оқушылардың оқудан тыс әрекетін ұйымдастырудың негізгі талаптарымен таныстыру.

Эксперименттік педагогикалық-психологиялық консилиум маңызды роль атқарды. Бұл педагогтар мен психологтарды және басқа да оқу-тәрбие

субъектілерін біріктіруге көмек көрсетті. Олардың барлығы да оқушылардың табысты білім алып, толыққанды дамуына мүдделі екенін атап өткен ләзім.

Педагогикалық консилиум - бұл студенттердің жеке тұлғасын тереңірек зерттеу мақсатында оқытушылардың кенесуі және олармен алдағы уақытта жұмыс жасау мақсатында оқытуда анықталған кемшіліктерді жою үшін педагогикалық дұрыс жолдарын құру, жеке тұлғаның потенциалдық мүмкіндіктерін ашу мақсатында студенттермен жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру.

Педагогикалық-психологиялық консилиум тең жұмыс жасау және жеке жауапкершілігі негізінде психологтар мен педагогтардың өзара қарым-қатынасын жасау мүмкіншілігін туғызды. Бұл жерде аталған процестің тиімді болуына мүдделі барлық ересек адамдардың кәсіби және жеке потенциалдары іске қосылды (педагогтардың, ата-аналардың, психологтардың, мектептің медициналық қызметкерінің).

Эксперименттік жұмыста өзге де қатысушылармен қатар (мектеп әкімшілігі, психолог, класс жетекшілері мен пән мұғалімдері) мектептің медициналық қызметкерлерінің қатысуы қажет болды. Өйткені консилиум шеңберінде оқушы туралы қажетті медициналық ақпараттың болуы қажет етілді.

Педконсилиумға дайындық барысы 3 кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезеңде, топ ұжымын, топтарды зерттеу бағдарламасы мен студенттің жеке тұлғасын зерттеудің мақсаты мен міндеті, іс-әрекеттің бағдарламасы анықталады.

Екінші кезеңде, тақырып жөнінде мағлұматтар жинау жұмыстары жүргізіледі. Бұл үшін ұжымның, топтың және студенттің жеке тұлғасын зерттеуге арналған әдістемелер блогы құрылады.

Үшінші кезеңде, топтық зерттеу мен сынып ұжымын (немесе топты) және студенттің жеке тұлғасын зерттеу нәтижелері талданады.

Педагогикалық-психологиялық консилиумды дайындау әрбір қатысушы тарапынан жеке жүргізілді: психолог – психологиялық минимум мен

тереңдетілген диагностиканың мәліметтерін өңдеп отырды, жеке талқылауға қатысушы оқушыларды және оларға қарағанда психологиялық ахуалы жақсы оқушыларды айқындады. Эксперименттік сыныптардың сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінен ақпарат жинап, өңдеп, өздерінің жеке бақылауларын жүйелеп отырды. Мектептің медициналық қызметкері – ата-аналар мен емханалардан қосымша ақпарат алып, оқушылардың медициналық карталарын дайындады. Сынып жетекшісі мен медицина қызметкерлері өздерінде бар ақпаратпен консилиумде талқыланатын балаларды бөліп отырды. Экспериментте сонымен қатар, балалардың шығармашылығын дамытудағы мектеп проблемаларын шешуде біріге жұмыс жасау үшін ата-аналар да қатыстырылды. Педагогтар мен ата-аналардың бірге жұмыс жасауын ұйымдастырудың негізгі формалары мыналар болып табылды:

психологиялық ілеспелердің қорытындысы бойынша топтық және жеке кенес беру;

психологиялық ілеспелерді анықтау;

мұғалімнің сұранысы немесе бастамасы бойынша жеке кеңестер беру.

Педагогикалық консилиумды өткізу жоспары

I. Педагогтың сөзі

Педконсилиумның мақсаты мен міндетін хабарлау.

Педконсилиумның дайындық кезеңдерімен таныстыру.

Топ пен студенттің жеке тұлғасын зерттеу бағдарламасымен және оның нәтижелерімен таныстыру.

Топқа жалпы жинақ мінездеме құру.

Жеке студенттің жеке тұлғалық белгілерімен, танымдық процестердің ерекшеліктерімен таныстыру.

II. Пікір алмасу, оқытушылардың сөйлеген сөздері, әрбір студенттің жеке тұлғасымен жүргізілетін жұмыстарға түзетулер енгізу және оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда жалпы ұсыныстарды дайындау.

III. Педконсилиумның ұсыныстарын толтыру.

Жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу әдістемелері Ә қосымшада берілген. Осы жоғарыда келтірілген педагогикалық консилиумды дайындауға қойылатын талаптарға сәйкес және жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу әдістемелерін басшылыққа ала отырып, барлық сыныптарда педагогикалық консилиум өткізу жүйелі түрде жолға қойылды.

Педагог тұлғасының есебімен шығармашылығын дамытуға ықпалының ерекшелігі жете зерттелмегендігін және мұның мұғалімге кәсіби ұстанымын анықтауда көмек көрсететін арнайы сараптамалық-психологиялық әзірлемелерді талап ететіндігін айта кету қажет.

Өз жетекшілігімізбен жүргізілген сараптамалық жұмыс нәтижелері бойынша біз педагогтың гуманды бағытын растайтын және дамытушылық білім беру кеңістігін құруға ықпал ететін неғұрлым мәнді кәсіби-тұлғалық қасиеттерін айқындадық:

өзіндік қабылдау деңгейінің жоғары болуы, соған парапар өзін-өзі бағалауы, өзінің интеллектуалдық қабілеттеріне сенімділігі;

педагогтың оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға шынайы қызығушылығы және осы іске тартылуы. Сараптамалық зерттеулер мұны аса нанымды дәлелдеді;

эмпатия, түсіну, бірге бастан кешіру және оқушыны барша болмысына парапар қабылдау; оқушыға деген сөзсіз жылы қатынас; адалдық.

Сонымен қатар, зерттеуіміздің алдына қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті мәні зор жағдайларға біз педагогтардың жағымды психологиялық ахуал жасай білу іскерлігін де жатқыздық.

Біздің зерттеуіміз барысында студенттердің білім сапасы да едәуір артты. Бұл пікірімізді кафедраның мәліметтері негізінде байқауға болады (5 кесте).

5 кесте — Студенттердің бойынша білім сапасы туралы мәліметтер

Оқу жылдары	% есебімен	
	модульге дейін	модульден кейін
1	2	3
2007-2008	57%	67%
2008-2009	55%	69%

Эксперимент нәтижесін талдау негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Педагогика мамандық студенттерінің жалпы оқу іскерліктерінің қалыптасуы жеткілікті деңгейде жүруде және студенттердің 65% шығармашылық деңгейде әрекеттенеді.

Студенттер даярлығының деңгейі мен сапасын, модульдік оқыту технологиясын енгізудің нәтижелілігін бақылау мақсатында мынадай нәтижелер талданды:

- бастапқы, мерзім аралық және қорытынды бақылау сынықтары;
- интеллектуалдық іскерлігі мен танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейі;
- психологтардың тексеріс мәліметтері;
- тоқсандар бойынша үлгерім деңгейі.

Сонымен, сараптаманың нәтижелері бойынша сараптамалық сыныптарда негізінен оқушылардың білім сапасының артқаны байқалды.

Сараптама нәтижелері студенттердің өз шығармашылығын дамытудың неғұрлым жоғары дәрежесіне көтерілгенін, танымдық процестерінің дамығандығын, студенттердің өз шығармашылық мүмкіндіктерін өзектілендіру дәрежесінің артқанын көрсетті.

Сонымен, біздің зерттеуіміздегі диагностиканың негізгі бағыттары мыналар болды:

Студенттер шығармашылығының даму деңгейін ескеру, осыған орай оның құрамдары анықталып, әрбір құрамның өлшемдік сипаттамасы жасалды; технологиялық тұтастық пен шығармашылығының дамуы (6 кесте)

6 кесте – Студенттер шығармашылығының даму динамикасы

сараптаманың басында

Топтар	Деңгейлер					
	төмен		орташа		жоғары	
	студ.	%	студ.	%	студ.	%
Эксперименттік топ	35	33	35	55,4	35	11,6
Бақылау тобы	35	36,5	35	43,2	35	20,3

сараптаманың соңында

Топтар	Деңгейлер					
	төмен		орташа		жоғары	
	студ.	%	студ.	%	студ.	%
Эксперименттік топ	35	-	35	23,33	35	46,67
Бақылау тобы	35	35,5	35	47	35	17,5

Зерттеу нәтижелері бақылау топтарына қарағанда жоғары деңгейдегі студенттер санының өсуінің жағымды динамикасын көрсетті. Алынған мәліметтер студенттердің шығармашылығын дамыту жүйесінің тиімділігі туралы айтуға мүмкіндік берді.

Сынықтар алу жүйесін пайдаланатын мониторинг біздің сараптамамызда студенттердің көп деңгейлі тапсырмаларды таңдау еркіндігін назарда ұстады және, біріншіден, оқу процесінің ағымдағы нәтижелері мен оны түзету мүмкіндіктерін; екіншіден, педагогикалық кадрлардың шынайы деңгейін, олардың инновациялық міндеттерді шешуге даярлығын айқындауға мүмкіндік берді.

Осы параграфта баяндалған материалдарды жинақтап, талдай келе, төмендегідей ой түйіндейміз:

білім беру процесінде студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту өлшемдері қатарына студенттердің өзін-өзі шығармашылық дамытудың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуі; студенттердің шығармашылық қуатын өзектілендіру дәрежесінің жетілдірілуі;

шығармашылығын дамыту дәрежесін талдау, бұл үшін жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту өлшемдері мен деңгейлері талданды.

Қорыта келе, біздер негізінен студенттердің шығармашылығын дамытудың мынадай 7 құрамын дәлелдеуге тырыстық:

- оқу себептілігі;
- эмоционалдық сезінуі;
- өзара қарым-қатынас;
- зейін;
- есте сақтау;
- ойлау;
- білім сапасы.

Пән оқытушылармен сауалнамалық сұрақ-жауап өткізу негізінде бұл құрамдардың жүйелілігін реттілігін анықтауға мүмкіндік алдық. Яғни, психологиялық тұрғыдан ең алдымен студенттердің оқу себептілігін аша білдік. Одан кейін студенттердің оқуға деген эмоционалдық сезімдерін оятуға тырыстық. Бұл қасиеттердің студенттердің өзара қарым-қатынасы негізінде жүзеге асырылатындығын пайымдадық. Содан кейін ғана барып студенттердің зейінін оқуға аудару арқылы олардың танымдық процестерін (есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиял, елестету т.б.) дамытуға мүмкіндік туғызылды. Осылардың нәтижесінде студенттердің білім деңгейлері (оқу пәндері бойынша) эксперименттік топтарда бақылау топтарымен салыстырғанда, 5 кестеде көрсетілгендей, 22%-ға артқанын байқадық.

Сараптама көрсеткендей, гуманизациялау мен оқу-танымдық қызметті технологиялық тұрғыдан жетілдіруді ұштастыру негізінде оқыту мазмұнын байыту студенттердің шығармашылығын дамыту міндеттерін шешуде жоғары нәтиже берді.

Сонымен, зерттеуімізде жоғары оқу орындағы оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамыту бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық қызмет үлгісін сынақтан өткізудің зерттеушілік нәтижелері бойынша оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамыту үлгісін жүзеге асыру үшін зерттеуде педагогтардың бірлескен және жеке қызметінің деңгейінде басқару жүйесі; психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысының процесі; ұжымның жұмыс ерекшеліктерін көрсететін оқу процесінің мақсатты түрде бағытталған жұмысы әзірленді.

Студенттердің шығармашылығын дамытуға, оның даму дәрежесін талдауға ықпал ететін құрамдары, көрсеткіштері және деңгейлері анықталды.

Студенттің шығармашылығын дамытуда интерактивтік модульдік оқыту технологиясы ең тиімді дидактикалық құрал болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің теориялық және тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың нәтижелері мынадай *қорытынды тұжырым* жасауға мүмкіндік берді:

Зерттеліп отырған мәселе бойынша көпшілік психологиялық-педагогикалық практиканы терең зерделеу оқушы шығармашылығын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттарын айқындау қажеттілігі бар екенін көрсетті. Осындай шарттардың бірі білім беруді гуманизациялауды жолға қоятын жаңа білім беру технологиялары болып табылады. Студенттердің шығармашылығын оқыту технологиясы арқылы дамытудағы ғылыми-практикалық тәжірибенің рөлі: *біріншіден*, адамның өмірін бағалау, сақтау студентте тек гуманизацияланған оқу процесі арқылы ғана қалыптасады; *екіншіден* – студенттердің шығармашылығы дамуы үшін оқыту технологияларын жасау жолдары карастырылуы керек; *үшіншіден*, студенттің шығармашылығын дамыту процесінің прогрессивтілігі гуманизация арқылы жүзеге асырылады.

Шығармашылықты дамыту процесін философиялық-педагогикалық тұрғыдан талдай келіп, оның даму кезеңдерін жүйеледік, жеке тұлғаның даму деңгейлерін айқындадық.

Оқу процесін гуманизациялаудағы педагогикалық технологиялардың рөлі аныкталып, олардың түрлері мен тәсілдері нақты пәндерге, тақырыптарға сай талданды.

Оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған құрылымдық жүйесін құрдық.

Жоғары оқу орындарының оқу процесінде студенттердің шығармашылығын тиімді дамыту мүмкіндіктерін білу үшін жүргізілген сараптамалық зерттеу қойылған міндетті, яғни, оқу процесін студенттердің шығармашылығын тиімді дамытуды камтамасыз ететіндей және олардың өздігінен шығармашылықпен жүзеге асыру қажеттілігін өзектілендіретіндей технологиялық және мазмұндық тұрғыдан жетілдіру міндетін шешуді

педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің басты бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Оның негізіне позитивтік психологиялық ахуалды қамтамасыз ететін модульдік оқыту технологиясы алынды.

Студенттердің шығармашылығын дамыту мақсатында оқу процесін бақылауды бір ізге салу және білім беру мекемесінде бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға ықпал ету мүмкіндігін беретін педагогикалық-психологиялық мониторингті қолдану оң нәтижеге жеткізді.

Психологтар мен педагогтардың өзара қарым-қатынасын тең құқылы ынтымақтастық пен жеке жауапкершілік негізінде құруға және студенттердің шығармашылығын тиімді дамыту мақсатында оқыту барысында студенттерді тұтастай сүйемелдеп отыруға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық консилиумды пайдалану тиімді болды.

Студенттің шығармашылығын дамытуға бағдарланған жоғары оқу орындарында басқарудың жаңаша жүйесінің құрылымы түзіліп, ол білім беру мекемесінің практикасында сыннан өткізілді.

Студенттің шығармашылығын дамытуда интерактивтік модульдік оқыту технологиясы ең тиімді дидактикалық құрал болды.

Б.Блум мен В.Симонов жүйелерінің өлшемдері мен нәтижелерін анықтау тәсілдері негізінде оқушының шығармашылық оқытылу деңгейі педагогикалық экспериментте анықталды. Оның тиімділігі 17 кестеде көрсетілген.

Негізінен студенттердің шығармашылығын дамытудың мынадай 7 құрамын дәлелдеуге тырыстық:

- оқу себептілігі;
- эмоционалдық сезінуі;
- өзара қарым-қатынас;
- зейін;
- есте сақтау;
- ойлау;
- білім сапасы.

Пән оқытушыларынан сауалнамалық сұрақ-жауап өткізу негізінде бұл құрамдардың жүйелілігін реттілігін анықтауға мүмкіндік алдық. Яғни, психологиялық тұрғыдан ең алдымен студенттердің оқу себептілігін аша білдік. Одан кейін студенттердің оқуға, білімге деген эмоционалдық сезімдерін оятуға тырыстық. Бұл қасиеттердің болашақ мұғалімдердің өзара қарым-қатынасы негізінде жүзеге асырылатындығын пайымдадық. Содан кейін ғана барып студенттердің зейінін оқуға аудару арқылы олардың танымдық процестерін (есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиял, елестету т.б.) дамытуға мүмкіндік туғызылды. Осылардың нәтижесінде студенттердің білім деңгейлері (оқу пәндері бойынша) эксперименттік топтарда бақылау топтарымен салыстырғанда, 5 кестеде көрсетілгендей, 22%-ға артқанын байқадық.

Біздің зерттеулерімізден мынадай *практикалық ұсыныстар* жасауға болады:

–оқу процесінде студенттің шығармашылығын дамытудың біз жасаған жүйесін басшылыққа алуға болады;

–гуманизациялау қағидасына сәйкес студенттің шығармашылығын дамытуда білім бері мүкemesін басқару жүйесінің жаңартылғаны жөн;

–оқу процесінде студенттердің шығармашылығын дамытуда интерактивтік модульдік оқыту технологиясын пайдалану тиімді;

–біз жасаған құрылымдық жүйелерімізді басшылыққа ала отырып, студенттердің шығармашылығын дамыту мақсатында жүйелі түрде педагогикалық мониторинг жүргізіліп тұруы қажет.

Біздің жұмысымыздың нәтижелері мынадай *перспективалық зерттеулерді* қажет етеді:

Студенттің өз бетінше танымдық іс-әрекетін дамыту үшін педагогтің ғылыми-ізденушілік қарекетін жетілдіру;

Студент шығармашылығын дамытуға арналған оқытудың басқа да әдіс-тәсілдерін анықтау;

Қазіргі білім беру саласындағы болып жататын инновацияға сәйкес пән оқытушыларының өздерінің шығармашылық қарекетін үздіксіз жетілдіру жолдары;

Оқу процесін жетілдіруде педагогикалық-психологиялық мониторингті өткізу тәсілдері.

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамы тәжірибе-эксперименттік жұмыста дәлелденді деуге болады. Себебі, эксперименттік және бақылау топтардағы студенттің оқытылу деңгейінің айырымы 16%-ға жетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 20.01.04, № 6, Б.1-3
- 2 Назарбаев Н.Ә. Еркін елдің ертені – кемел білім мен кенен ғылымда // Егемен Қазақстан. 13 қазан 2004 жыл, №225, Б.1-2
- 3 Дидактические требования к разработке и экспертизе программ, учебников и элементов УМК /сост. Караев Ж.А., Нурахметов Н.Н., Дуйсенбаев Б.М., Жадрина М.Ж., Байжасарова Г.Ж. – Алматы: Респ. изд. каб., 1998. – 54 с.
- 4 Джадрина М.М. Вопросы повышения качества школьного образования. //Материалы международной научно-практической конференции: «Среднее образование в XXI веке: состояние и перспективы развития».-Астана, 2002.- С.15-19.
- 5 Жұматаева Е.Ө. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері /п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.- Алматы, 2003.- 301 б.
- 6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің бакалавриат педагогикалық мамандықтарға арналған Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты (Астана - 2006).
- 7 Кішібеков Д. Философия. - Алматы: Рауан, 1991. - 316 б.
- 8 Д.Дьюи. Демократия и образование /Перевод с англ.-М.: Педагогика-Пресс, 2001.-224 с.
- 9 Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: «Білім», 2001. - 328 б.
- 10 Философский энциклопедический словарь. 2-е изд.- М.: Советская энциклопедия, 1989. - 815 с.
- 11 Философиялық сөздік /құр. Нұрғалиев Р.Н. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. - 342 б.

- 12 Психология. Словарь. – М.: Политиздат, 1990. - 494 с.
- 13 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М.: Просвещение, 1969.–659 с.
- 14 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.–М., 1975.-301с.
- 15 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Педагогика, 1989. - 488 с.
- 16 Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М.: Педагогика, 1991. - 461с.
- 17 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. - 560 с.
- 18 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. – В 2 т. - М., 1980.
- 19 Коменский Я.А. Ұлы дидактика. – Алматы: Педагогика, 1981. - 276.
- 20 Баласағұн Ж. Құтты білік. -- Алматы: Жазушы, 1986. - 358 б.
- 21 Әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. - Алматы: Ғылым, 1974. - 304б.
- 22 Құнанбаев А. Шығармалардың толық жинағы: Т.2. – Алматы: Ғылым, 1987.–280 б.
- 23 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. /Құр. Қалиев С.– Алматы: Рауан, 1991. - 464 б.
- 24 Петровский А.В. Психология в России. - М.:УРАО, 2000.-203 с.
- 25 Рубинштейн С.Л. Принцип творческой самодеятельности: К философским основам современной педагогики // Вопросы философии. - 1989, №4. – С.101-109.
- 26 Кон И. Социология личности.-М., 1967. -С.12-41.
- 27 Психологические основы формирования личности в педагогическом процессе. /Перевод с нем.; под ред. А.Коссановского.-М.: Педагогика, 1981.- 224 с.
- 28 Золотникова А.С. Проблемы психологии общения: учебное пособие по спецкурсу.-Ростов –на-Дону: РГПИ,1976.-146 с.
- 29 Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. - М.: Издательство, 1961. – 536 с.

- 30 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики.- М.: МГУ, 1972. -575с.
- 31 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1968. - 111с.
- 32 Крутецкий В.А. Психология: Учебник для учащихся. - М.: Просвещение, 1986. – 336 с.
- 33 Кириенко В.И. Психология способностей к изобразительной деятельности. - М., 1985.
- 34 Лейтес Н.С. Способности и одаренности в детские годы. - М.: Знание, 1984. – 80 с.
- 35 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы. – Алматы: Қазак университеті, 1993. – 240 б.
- 36 Волков В.М. Современные методические разработки в педагогике США. - М.: Знание, 1977. - 64 с.
- 37 Библер В.С. Мышление как творчество. – М.: Политическая литература, 1975. - 175 с.
- 38 Пушкин В.Г. Сознание и творчество // Творческая активность сознания. Межвуз. Сборник. научных тр. – Ленинград, 1986. С.3-14.
- 39 Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1956. - 516 с.
- 40 Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъективности. – Ростов – на – Дону: Изд-во «Феникс», 1996. – 512 с.
- 41 Пономарев Я.Н. Психология творчества и педагогика. - М.: Просвещение, 1976.-280 с.
- 42 Матейко А. Условия творческого труда. – М., 1970.
- 43 Запорожец Л.В. Дидактика и жизнь. – М.: Просвещение, 1968. - 176 с.
- 44 Богоявленская Д.Б. Исследование проблем психологии творчества. - М.: Наука. – 316 с.
- 45 Лук А.Н. Психология творчества. - М.: Наука, 1978. – 128 с.

46 Андреев В.И. Дидактика воспитания и самовоспитания творческой личности. Основы педагогики творчества. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1988. – 297 с.

47 Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері //п.ғ.к. ғыл.дәр.... авторефераты. – Қарағанды, 2004. – 30 б.

48 Мелик-Пашаев А.А. Психологические основы, способностей к художественному творчеству. – автореф...дисс.док.псих.наук. – М., 1994. – 28 с.

49 Шубинский В.С. Педагогика творчества учащихся. – М.: Знание; 1988. – 80 с.

50 Дирксен Л.Г. Преемственность в развитии творческих способностей детей разновозрастного уровня. // автореф...дисс. канд.пед.наук. – Астана, 2004. – 30 с.

51 Жакыпбекова Г.Т. Оқытудың теориясы мен әдістемесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері. -

52 Чурновский В.Э., Юркевич В.С. Одаренность: дар или испытание. – М.; Знание, 1990. – 80 с.

53 Жексенбаева У.Б. Теория и практика работы с одаренными детьми. – Алматы, 2005

54 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990. – 144 с.

55 Адамар Ж. Исследование психологии процесса изобретения в области математики.- М.: Советское радио, 1970.-38 с.

56 Лук А.Н. Мышление и творчество. – М.: Политиздат, 1976. – 144с.

57 Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту: ПҒК ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1998. - 148 б.

58 Пономарев Я.А. Психология творческого мышления. – М.: АПН СССР, 1960. – 352 с.

59 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

60 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Қазақстан, 1995.– 48 б.

61 Назарбаев Н.Ә. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. 20.03.04. № 6.

62 Философский словарь. / сост. Лосев А.Ф. - М.: Просвещение, 1986. - 213с.

63 Сатыбекова С.К. Гуманизм Аль-Фараби. - Алматы: «Наука», 1975. – 139с.

64 Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей.: Диссерт. ДПН. Алматы, 1993. -268 с.

65 Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. - Алматы: Білім, 1998.-232 б.

66 Урунбасарова Э.А. О проблемах патриотического воспитания молодежи. // Магистраль мамандары. – 04.2003. №4. С.1.

67 Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. / құрастырған Айтмамбетова Б., Бозжанова Қ., Ильясова А. - Алматы: РБК, 1995.-185б.

68 Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы: Ғылым, 1998. - 226 б.

69 Шолпанқұлова Г.К. Оқыту процесінде пәнаралық байланыс негізінде оқушыларда (8-9 класс) гумандық қарым-қатынасты қалыптастыру. /Пед.ғыл.канд. дайындаған диссертация. – Алматы, 1995. - 237 б.

70 ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1995 год – Париж: ЮНЕСКО, 1995.- 14 с.

71 Шаталов В.Ф. Точка опоры. (Об экспериментальной методике преподавания). – М.: Педагогика, 1987. – 158 с.

- 72 Амантурлин Ш.Б. Орысша-казакша педагогикалык сөздік. - Алматы, 1994. - 128 б.
- 73 Сейілова З.Т. Негізгі мектепте математиканы ізгілендірудің ерекшеліктері/ Оқу-әдістемелік құрал. – Қызылорда, 2003. - 103 б.
- 74 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” бас редакциясы (3 томдық), III том. 2001. -720 б.
- 75 Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. Қазақша-орысша педагогикалык сөздік. - Алматы, 1994. - 128 б.
- 76 Чечин Л.М., Шаңбаев Т.Қ. Ғылыми сұхбат әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1994. - 88 б.
- 77 Орысша-казакша сөздік. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 2 томдық I том – 1978. - 575 б., II том – 1981. - 589 б.
- 78 Сухомлинский В.А. О воспитании / Сост. С.Соловейчик. – М., 1985. – 604с.
- 79 Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса.– Минск, 1990. – 179 с.
- 80 Берулава М.Н. Принципы гуманизации образования // Инновации в образовании. – 2001. - №5. – С.18-37.
- 81 Эрдниева П.М. Системность знаний и укрепление дидактической единицы. - // Советская педагогика. – 1975. - №4. – С.72-80.
- 82 Левитес Д.Г. Практика обучения: современные образовательные технологии. – М.: Изд-во: «Институт практической психологии»; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1998. – 288 с.
- 83 Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения // Автореферат док.диссерт, Алматы, 1994. – 56 с.
- 84 Фрадкин Ф.А. Вопросы формирования и воспитания ребенка в группе. Методическое пособие. -Владимир, 1972.-76 с.

- 85 Гальперин П.Я. Умственное действие как основа формирования мысли и образа // Вопросы философии. – 1957. - №6. – С.58-69.
- 86 Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. - М.: Знание, 1989. - 80 с.
- 87 Кларин М.В. Развитие “педагогической технологии” и проблемы теории обучения // Советская педагогика. – 1984. С.117-122.
- 88 Заньков Л.В. Умственное развитие и обучение. - М.: АО «Столетие», 1995. - 205 с.
- 89 Педагогическая энциклопедия: в 4-х томах / гл.ред. Каиров – М.: Сов. Энциклопедия, 1964-1968, т 1 – 832 с., Т 2. – 912 с., т. 3 – 87 с. Т 4. – 912 с.
- 90 Словарь русского языка. В 4-х томах. - М., 1988. - Т.4. 263 с.
- 91 Фирсов В.В. Дифференциация обучения на основе обязательных результатов обучения. – М., 1994.
- 92 Беспалько В.Л. Слагаемые педагогической технологии – М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
- 93 Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие – М.: Прометей, 1992. - 528 с.
- 94 Кашлев С.С. Современные технологии педагогического процесса. Пособие для педагогов. - Минск: Высшая школа, 2002. - 95 с.
- 95 Фрадкин Ф.А. Педагогическая технология в исторической перспективе // История педагогической технологии. - М., 1993.
- 96 Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. – Волгоград.: Перемена, 1995. – 153с.
- 97 Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М., МГУ, 1975. – 343 с.
- 98 Караев Ж.А. Педагогическая технология обучения. // Методическое пособие. – Алматы: Респ. изд. комитет, 1999. – 55 с.
- 99 Симоненко В.Д., Воронин А.М. Педагогические теории системы технологии. Учебное пособие для педагогических работников и студентов педвузов. – Брянск, 1998. – 86 с.

- 100 Оконь В. Введение в общую дидактику /перевод с польск./ - М., 1990. -- 382 с.
- 101 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. - М.: Народное образование, 1996. - 160 с.
- 102 Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. — М., 1982. — 169 с.
- 103 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе // Директор школы. Библиотека журнала. — М., 1996. спец.выпуск. №2. — 96 с.
- 104 Бондореvская Е.В. Гуманистическая парадигма личностно-ориентированного образования. //Педагогика, 1997,№4.-С.11-17.
- 105 Селеvко Г.К., Селеvко А.Т. Социально-воспитательные технологии. — М.: Народное образование, 2002. -- 176 с.